

«Тексерілді»

«Атамекен бөбекжайы»

ЖБҚМҚКК директоры

М.Асанова

« » 2022 жыл



Құрастырған : «Ұлан» тобының тәрбиешілері

Қ.Алиева А.Күшкелдиева

«Ұлан» тобының 2022-2023 оқу жылында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

№	Атқарылатын шаралар	Уақыты
1	№ 1 – жиналыс :Атамекен бөбекжайының оқу тәрбие жұмыстарының міндеттері Баяндама : «Ұрпақ болашағы – тәрбие мен білімде	Қыркүйек 2022 жыл
2	Ата-аналар комитетін сайлау	
3	Алтын күз ертеңгілігі	
4	Әртүрлі мәселелер	
1	№ 2 – жиналыс «Тәрбие тал – бесіктен	Желтоқсан 2022жыл
2	Баяндама : «Бала – біздің болашағымыз»	
3	Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындық	
3	Әр түрлі мәселелер	
1	№ 3 – жиналыс: «Дені сау отбасы-дені сау балалар»	Наурыз 2023жыл
2	Баяндама : «Дені сау бала – болашақ жемісі»	
3	Наурыз ертеңгілігі	
3	Әр түрлі мәселелер	
1	№ 4 – жиналыс: «Дені сау отбасы-дені сау балалар»	Мамыр 2023 жыл
2	Баяндама : «Біздің балаларымыз не үйренді?»	
3	Оқу тәрбие жұмысының есебі	
3	Әр түрлі мәселелер	

№	Шаралар мазмұны	Уақыты	Жауапты
	Баланы қалай тәрбиелеу керек?	Қыркүйек 2022 жыл	Тәрбиешілер
	Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы	Қазан 2022жыл	Тәрбиешілер
	«Отбасы және балабақша ынтымақтастығы»	Қараша 2022 жыл	Тәрбиешілер
	Мерекелік іс – шаралардың пайдасы	Желтоқсан 2022жыл	Тәрбиешілер
	Бала денсаулығын сақтауға шаралар	Қаңтар 2023 жыл	Тәрбиешілер
	Балаларды сөйлеу мәдениетіне үйрету	Ақпан 2023 жыл	Тәрбиешілер
	Балаларды дамыту ойындары арқылы ойнау қабілетін дамыту	Наурыз 2023жыл	Тәрбиешілер
	Балаларды «таяксыз да» тәрбиелеуге болады	Сәуір 2023 жыл	Тәрбиешілер
	Тәрбие талабы бір жерден шықса	Мамыр 2023 жыл	Тәрбиешілер
	Жаз мезгілінде көкөністер мен жемістерді дұрыс пайдалануды үйрету	Маусым,шілде,тамыз 2023 жыл	Тәрбиешілер



«Бекітемін»

«Атамекен бөбекжайы»

ЖБҚМҚКК директоры

М.Асанова

«05» «09» 2022 жыл


«Ұлан» тобының

Ата – аналармен жұмыс жоспары

« Келісілді »

« Атамекен » бөбекжай »

ЖБҚ МКҚК директоры



Н.Қалылаева

«20» «12» 2022 жыл

№ 2 Ата – аналар жиналысына дайындық

1. Баяндама: « Бала біздің болашағымыз»
2. Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындық
3. Әр түрлі мәселелер

«Атамекен» бөбекжайы » жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны « Ұлан »ересек тобының ата – аналар жиналысының

Хаттамасы № 2

Қатысқаны: 13

Қатыспағаны: 12

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама: « Бала біздің болашағымыз»
2. Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындық
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі А .Күшкелдиева баяндама оқыды. Ата – аналар баяндаманы тыңдап өз пікірлерін білдірді.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі « Жаңа жыл» ертеңгіліне байланысты балалардың киімі жайлы сөйлесті.

Сұрақ: Жаңа жыл мерекесінде балаларымыз қандай би билейді?

Әр түрлі мәселе бойынша Таңертең балаларды 8 : 30 дан кешіктірілмей алып келу керектігін ескертті. Балалардың жарнасы әр айдың 10 – шы жұлдызынан кешіктірмей төлем жасау керектігін ескертті. Балаларды балабақшаға әкелетін кезде тазалығы жөнінде ескертілді.

Сұрақ:

1« Жаңа жыл» ертеңгіліне балалардың киімі қандай үлгіде тіктіру керек?

Қаулы:

1. Баяндаманы А. Күшкелдиева оқыды . Ата –аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.

Төрайымы:

Х.Алива


Хатшы:

А. Күшкелдева

« Келісілді »

« Атамекен » бөбекжайы »

ЖБҚ МКҚК әдіскері

 А. Мұхитова

«20» «02» 2023 жыл

№1 Ата – аналар жиналысына дайындық

1. Баяндама: « Дені сау бала болашақ жемісі»
2. Наурыз ертеңгілігіне дайындық
3. Әр түрлі мәселелер

«Атамекен» бөбекжайы » жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны « Ұлан » тобының ата – аналар жиналысының

Хаттамасы № 3

Қатысқаны: 11

Қатыспағаны: 14

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама: « Дені сау бала болашақ жемісі»
2. Наурыз ертеңгілігіне дайындық
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі А .Күшкелдиева баяндама оқыды. Ата – аналар баяндаманы тыңдап өз пікірлерін білдірді.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі « Наурыз» ертеңгілігіне байланысты балалардың киімі жайлы сөйлесті.

Сұрақ: Наурыз мерекесінде балаларымыз қандай би билейді?

Әр түрлі мәселе бойынша Таңертең балаларды 8 : 30 дан кешіктірілмей алып келу керектігін ескертті. Балалардың жарнасы әр айдың 10 – шы жұлдызынан кешіктірмей төлем жасау керектігін ескертті. Балалардың

тазалығы жөнінде айтылды.

Сәуір айынан бастап жарнаның өсетіні жайлы ескертілді

Сұрақ:

1 « Наурыз» ертеңгілігіне балалардың киімі қандай үлгіде тіктіру керек?

Қаулы:

1. Баяндаманы А. Күшкелдиева оқыды . Ата –аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.

Төрайымы:

К.Алиева


Хатшы:

А. Күшкелдиева

«Келісілді»

«Атамекен бөбекжайы»

ЖБҚМКҚК директоры



Н. Қалылаева

« 05 » « 10 » 2022 жыл

№ 1 Ата – аналар жиналысына дайындық

1. Баяндама: « Ұрпақ болашағы - тәрбие мен білімде »
2. Ата аналар комитетін сайлау
3. Әр түрлі мәселелер

«Атамекен» бөбекжайы » жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны « Ұлан » ересек тобының ата – аналар жиналысының

Хаттамасы № 1

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 10

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама: « Ұрпақ болашағы - тәрбие мен білімде »
2. Ата аналар комитетін сайлау
3. Алтын күз мерекесі
4. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі К. Алиева баяндама оқыды. Ата – аналар баяндаманы тындап өз пікірлерін білдірді.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі А. Күшкелдиева Ата – аналар комитетін сайлауды бір ауыздан келісіп тағайындауды ұсынды.

Сұрақ: Ата – ана комитетінің міндетті қандай? Қамқоршылық ұйымымен жұмыс бірге жүргізілема?

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Әр түрлі мәселе бойынша Таңертең балаларды 8 : 30 дан кешіктірілмей алып келу керектігін ескертті. Балалардың жарнасы әр айдың 10 – шы жұлдызынан кешіктірмей төлем жасау керектігін ескертті.« Алтын күз» ертеңгіліне байланысты балалардың киімі жайлы сөйлесті.

Сұрақ:

1 « Алтын күз» ертеңгіліне балалар қандай киім үлгісінде тіктіру керек?

Қаулы:

1. Баяндаманы Х. Алиева оқыды . Ата –аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.
2. Ата – ана комитетінің төрайымы: Көкекбаева Нұргүл
Мүшелері: Қартабаева Айсұлу Жанбергенова Гүлбану

Төрайымы:

Х.Алива

Хатшы:

А. Күшкелдева

Баяндама

Тақырыбы: «Ұрапақ болашағы-тәрбие мен білімде»

Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы»

(баяндама)

Бүгінгі күннің, қазіргі жаһандану дәуірінің, басты талабы — өркениетті қоғамға ілесіп алатын ұрпақ тәрбиелеу. Өлем елдерімен қабырғасын теңестіруді меже етіп отырған елдің білімді жастары тәуелсіздікті нығайтады, ұлттық тәрбиемен сусындаған ұрпақ болашақты гүлдендіреді деген сенім мақсатымызға айналып отырғандай. Ал, оған қол жеткізудің алғы шарттарының бірі — ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу. Саяхатшы, зерттеуші А.Янушкевич: «Мен қазақ ақынының суырып салма өнерін, асқақтата салған әнін тыңдап, ерекше әсерге бөлендім, бұдан бірнеше күн бұрын екі ел егесінде шаршы толтың алдында сөз сөйлеген шешендерді көрген едім, сонда мен тумысында Демосфен, Цицерондарды естіп, білмеген жандардың жезтаңдай ділмарлығына таң-тамаша болған едім. Ал, бүгін менің алдымда не оқи, не жаза білмейтін ақындар бұлбұлдай сайрап отыр. Жаратқан иесі мұндай өнер берген халық мәдениет әлеміне өгей болуға тиіс емес...» деп атап көрсеткендей, атамыз қазақ бір ауыз сөзбен қуантып, бір ауыз сөзбен жауын орнынан тұрғызбай тастаған шешен, қайсар, кенпейіл халық болған. Қара қылды қас жарған төрелігін халық мойындаған. Атақты орыс зерттеушісі таң еткен шешендер мен ақындар сияқты Жиренше шешен айтып кеткен «жаксылар» қатарында бір-бірінен бөле-жара қарауға келмейтін әйгілі Төле, Қазыбек, Әйтеке билер ойып орын алады. Үш жүздің басын біріктіріп, адал төрелігімен халық қалаулысына айналған, есімі өшпес үш билік өмірі мен өнегесі — біздің асыл мұрамыз.

Руханияттың бір өлшемі, қолдаушысы және қорғаушысы билік, басқару, әкімшілік екені ақиқат. «Басшысыз ел — жетім» демекші, қазақтың ұлыс болып ұлғаюы, елдігін құрып орнығуы жолындағы би-шешендердің рухани дәстүрі өз алдына бір төбе. Билер дәстүрінің басты басымдылығы — адамды тәрбиелеу, адамгершілікке баулу, өнселі азаматты қалыптастыру, адамға қажетті ізгі қасиеттерді үлкен құндылық дәрежесіне көтеру. Бұл мәселелер — тұңғалық пен елдіктің тұтқасы. Би-шешендер сол тұтқаның ұстанымын айқындады және соған сүйенді. Ояғысы:

Кісілікке қайшы іске қарап тұрмау;
Кісілікке қайшы сөзге бас шұғырмау;
Кісілікке қайшы былыққа батпау;
Кісілік қасиетті ақтау, күдіретті баптау. — «кәміл адам» тәрбиелеудің тисігі мен пернесін орнықтырды. Осы ереже мен сұраныстар билердің мәртебесін қалыптастырды. Ел билеген хан, сұлтандардың өздері билердің алдында бас иіп, аталы сөздеріне бағынған. Дала запы да осы билердің есімімен астасып жатады.

Қазақ даласы Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қағидаларын бұлжытпай орындауға, оған бағынуға мойынсұнғаны да белгілі. Ал сол заңдар негізін қалауға ұйытқы болған — үш билік төрелегі екенін қазіргі ұрпақ әдебиет беттерінен оқып-танысуда. Жауапкершілігі молқандай істе болмасын билік сөзіне артықшылық берілді. Би шешім қабылдарда қиналып, билік айтудан бас тартса, оған айып салынбады. Егер ол теріс билік шығарса, онда ол қияметте, құдай алдында жауап береді делінді. Осыдан-ақ қазақ халқының билерді ерекше құрмет тұтқанын білуге болады. Би кез келген адамға басу сөз айта алды. Қуәлікке құдайдан қорқатын, күнәсі жоқ, көпке кәдірлі адамдар шақырылды. Антып бұзып, іске нұқсан келтірген немесе елге зиян келтірген адамды абыройсыз деп, қоғамнан аластатылды. Кез келген дауды аса білгірлікпен шешіп, жауласқан екі елді бітімге келтірген билер философиясын әлі күнге дейін мойындайтынымыз шындық. Ал сол билердің өзі бұл істеріне қаншалықты баға берген екен? Соған көз жүгіртсек...

Төле би халықпен қоштасқанда былай деген: «Оңаша ойға батып, өткен — кеткенімді таразыласам, менің кесім-бітімімнен де кемшілік табылатындай. Ердің құны екі жүз байтал болсын дегенім дәл, әділ билікке жатпайтын тәрізді. Олай дейтінім, ер болғанда мынау жақсы жігіт, мынау жаман жігіт деген жоқпыз. Ер деп адамның құнын жалпыға

бірдей есеп қылып айттық. Оның ішінде неше түрлі адам бар. Бір адам бар еліне патша тиген, жақсылық істеп, атағы шыққан, мейлі хақ, мейлі би атансын, әділ болса халық қадірлеген. Бұл да адам. Екінші бір адам бар, туысы жаман. Елді жаудан қорғап, ажыратпақ түгіл, шөгіп жатқан түйеге міне алмайды. Қаңғып, не далада мал ұрлап жүріп адасып, не шөлдеп өліп қалады. Мұның да құны екі жүз байтал. Сондықтан, мен ереже осы екеуінің, жақсы мен жаманның бағасының бір-ақ баға болып кеткеніне қалатымын. Менінше, бұл әділдік емес. Осыны өздерін қайта бағалап, қайта кесемін десендер. еріктерің, халқым. Екінші, қыздың құны қырық жеті қара дедік. Қыздың да қызы бар. Айтулы ай десе аузы, күн десе көзі, қараса түрі, сөйлесе лебізі, тегі мен заты, аты мен атағы, сезімі мен ақылы бірдей келген арулардан халық аузында аңыз болып жүрген Ләйлі. Қыз Жібектердің құны қырық жеті қара. Екінші бір қыз бар. дон жауырын. алақоз. кісі бетіне қараса ұрсатұғын, адам көрсе жыңды болғандай арқа-басы құрысатұғын, бір адаммен сөйлесіп, мейірленіп, сыйласа алмайтұғын. Әкесі мен шешесіне сүйкімсіз, тілін алмайтұғын, ауыл үймен ұрсысып, аяқ-табақ қатынаспайтұғын. Мұның аты да қыз. Мұның құны да қырық жеті. Халқым, мен сендерге ереже айтқанда осы жағын ойламаған екенмін...” Иә, халқы үшін төрелігі заң болып қабылданған ұлы тұлғаның осы сөзінен әр ісін байыптап, ақыл таразысына тартып, өзіне де баға бере алатын ұлылықты байқаймыз. «Жер астында жатқанды қазбай қарап тіл табар» деп саналы сөзді сары алтыннан артық бағалаған халқымыз салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды, ұлттық құндылықтарымызды асыл қоймасындай сақтады. Өнерлі халық – өміршен халық. Демек, күні бүгінге дейін ғасырлар бойы дамып қалыптасқан халық ауыз әдебиетінен, халықтық салт-дәстүрлерінен, ұлттық педагогикалық ойлардан құралған бұл халықтық салт-дәстүрлеріміздің ғылыми-педагогикалық мәні өте зор екені рас. Ұлттық қадір-қасиет – ұлттық сана-сезімнің өзегі, адамгершіліктің бірегейі, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының жемісі, кісілік қасиеттер жиынтығы. Қазақ халқы өз ұрпағын адамгершілікке, ізгілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді ежелден-ақ өзінің басты мақсаты етіп қойған. халық өз ұрпағына қайырымдылықты ес білгеннен үйретіп, тиісті талап қою, дағдыландыру арқылы оны тұрмыстық салтқа, адамгершілікке, дәстүрге енгізді. Ұлттық рух – халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталады. Қай халықтың болмасын табиғатына тән, өзгеде қайталанбайтын қасиеттері, мінезі, діні, тілі болуы ұлттық рухпен тікелей байланысты. Оны асқақтататын – ұлттық тәлім-тәрбие. Оның негізі ана тілінде. Қазақ тілі халқымыздың ұлттық болмысын, әдет-ғұрпы мен салтын, дәстүрін, ұлттық жадын қалыптастырушы негізгі құрал ретінде ұлттың тілі мен діні, биіктілігін болашаққа жалғайды. Ал, осы асыл қазыналар билердің ұлағатты сөздерінен бастау алатынын көп жан түсіне бермейді. Ескіліктің көлеңкесіне айналып бара жатқан осындай ойлы сөздерді неге қайта жаңғыртып, ұрпақ санасынан ойын орын алатындай дәрежеге көтермекке деген көкейдегі сауалдың орын алатыны да шындық. Алайда, «заманына қарай адамы» деген түсінікпен өзімізді шектеп отырғанымыз өкінішті. Орайы келгенде айта кететін мәселе осындай философиялық ойы терең шығармаларды неліктен қазіргі мәтіндермен жұмысқа оқу сауаттылығы сынағына негіз етіп алмасқа?! Біздің қолдан келер шара – ұлы тұлғаларымыздың мерейтойына орайластырып іс-шара өткізу. Сонымен ғана шектеліп қалып отырмыз. Сол сияқты көрермендерімен қауышқанына көп болмаса да «Балапан» телеарнасы бүлдіршіндердің сүйікті арнасына айналды. Балалардың тілі шығуына, жақсы мен жаманды айыруына көп көмегі тиюде. Тек ұлттық құндылықтарды насихаттайтын анимациялық мультфильмдердің аздығы қынжылтады. Ал бұл – ойлантарлық мәселе. Баланың тәрбиесіне ықпал ететін негізгі төрт нәрсе бар: отбасы мен өскен ортасы, балабақша, мектебі мен достары. Міне, бұлар үйлесім тауып, адам тәрбиесіне сергек қараса, ұлтқа қауіп төнбес еді. Кез келген ұлттың ұлт болып қалыптасып дамуы үшін

оның ұлттық санасы, ұлттық құндылығы болуы керек. Сондықтан ұрпағымыздың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, ел қамын ойлайтын азамат етіп тәрбиелесуіміз керек. Ұлттық тәрбиені бойына дарытуда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мына бір ұлағатты сөзі бағдаршам болмақ: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намыс болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып, көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де несі өзін екенінді ұмытпа». Билер ұлағаты арқылы ұлттық тәрбиеге мән беру – сіз бен біздің қоғам алдындағы парызымыз. ХХІ ғасыр азаматының бойында өркениетті өмірге талпынатын, ата-баба дәстүрін жалғастыратын, кіндік қамы тамған туған жерін, асқақтаған көк тулы Отанын сүйетін, үлкен-кішіге мейірімді, ізетті, текті, дені сау азамат және азаматша болып өсулеріне тілектеспін!

дамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Абай Отбасы – адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. «Ел болам десен, бесігінді түзе» – деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе? Отбасы мүшелерінің жас шамасы әр түрлі болса да, олардың арасында бір-бірімен рухани жақындығы, мақсат ынтымақтастығы бар. Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер, дегені бар. Шынында, отбасы – ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі мен өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, кіріс-шығыс бюджеті, қастерлен ұстанатын рәміздері, т.б. болатыны сияқты, әр отбасы болмыс-тіршілігінің де соған ұқсас жақтары бар, оның жаратылысы да басшылық пен қосшылықты қажет етеді. Сондықтан отбасының құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерін бір-біріне қатысты адалдыққа тәрбиелеген. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің мәнісі де осында. Ата-ана өз отбасын нығайта отырып, сонымен бірге оның балағатқа толған мүшелерін үй болуға, өз шаңырағын көтеруге әзірлеуі басты әрі өте жауапты міндет болып саналады. Жас отаудың түгіні түзу шығып, махаббат пен тағу-ғаттілік, берекелі бірлік орын тепкен жылы ұяға айналуы, босағасы берік, болашағы нұрлы болуы көбіне-көп жас жұбайлардың үлкен үйде алған тәрбиесі, көрген өнегесіне байланысты. «Ұяда не көрсен, ұшқанда, соны ілерсін», «Анасына қарап, қызын ал». — деп, халық бәрін бастан кешіп, сынақтан өткізгендіктен айтқан. Хан ордасы, салтанатты сарайларда талай күн аунап-қунап жатып, өзінің шұрқ тесік құрым киіз лапығына қайтып оралғанда Жиренше шешен: «Айхай, менің өз үйім, кен сарайдай боз үйім». — деп, жаны жай тапқан екен. Бұл аңызда үлкен шындық, терең мән бар. Өркімге, оның ішінде балаға өз үйінен ыстық, өз үйінен кең де керемет мекен жер жүзінде жоқ. Кавказ халықтарында «Нағыз жайлы орын: қылышқа – қынабы, отқа – ошағы, ер жігітке — өз үйі» — деген тамаша нақыл бар. Адалдық пен мейірімділік, жауапкершілік пен кешірімділік те отбасында шын ықылас-пейілменен баланың көкірегінде орын тебеді. Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін шеше, бұлар – жанұя мектебінің ұстаздары болады. Әке мен шешенің баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері – баланың «әдепті бала» болып өсуі. Сондықтан қазақ жанұясы әрдайым: «Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген. Қазақ отбасында өз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірген. Үнемі жанұясында осылай тәрбие көрген бала ақырында, өздігінен тіл алғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып шыға келеді.

Кеңес

Тақырыбы: «Жаз мезгілінде көкөністермен жемістерді дұрыс пайдалануды үйрету»

ата-анамның көптеген достары бар, олар балаларына көкөністер мен жемістерді жегуге үйретпегендіктен деп шағымданады. Бала кез-келген сылтаумен оларды жегісі келмейді немесе бала тым таңдаулы және тек 1-2 түрді жейді. Мен түрлерді тамақтандыру бойынша маман емеспін, салауатты өмір салтын ұстанатын дәрігер де, дәрігер де емеспін. Мен жай ана емеспін. Черчилль айтқандай: «Төрт баланы өсіргеннен гөрі, ұлтты басқару қиынырақ». Менде екеуі бар, бірақ бұл мәселеде ең бастысы - сан емес, кішкентай, бірақ өте қыңыр адамды пайдалы нәрсені жегуге көндіру қиындығын қиын екенін түсіну үшін бір рет ана болу жеткілікті.

Менің отбасым (балалар да) вегетариандық тағамды ұнатады, бірақ маған жапсырмалар ұнамайды, бізге дұрыс тамақтану ұстанымдарын ұстанушылар жақсырақ. Бұл бізге дүниежүзілік көзқарас пен денсаулыққа пайдасы зор өсімдік. Біздің үстеліміздің негізі - көкөністер мен жемістер. Мен бүкіл отбасы үшін тамақ пісіремін, ересектер мен балалар диетасын бөлмей, үлкен ұлым (гвардиядағы ең кішісі) менімен және күйеуіммен бірдей тамақтанады, сонымен қатар барлық көкөністер мен жемістерді қуана-қуана жейді. Менің қалай жасағанымды көп адамдар сұрайды. Балалық шағымда көкөністер мен жемістерге махаббатты үлгілермен қалай тәрбиелеу туралы менің кеңестерім.

1) Аға-аналар, шыдамды және табанды болыңыз. Мүмкін сіздің балаңыз бірден немесе екінші, үшінші, оныншы рет ұсынған нәрселеріңізге ғашық болады. Ол бір нәрсеге ғашық болып, содан кейін біраз уақыт тамақтана бермейді. Менің баламның жағдайында банандарға катысты жағдай осындай болды. Көңіліңізді қалдырмаңыз және бұл өнімді тізімге енгізіңіз «бірақ ол маған ол ұнамайды» немесе «бұл менікі емес. Күтіп, қайта енгізіп көріңіз.

2) Шығармашылықпен табанды болыңыз. Жаңа комбинацияларды ойластырыңыз (сүйікті тағамдарыңыз бар жемістер, йогурт, балмұздақ). Балаңызға ойыншықтарын, қуыршақтарын тамақтандыруға, анасы мен әкесі үшін тамақтануға рұқсат етіңіз. Өз қиялыңызды көрсетіңіз.

3) Тамақтану рәсімі мен ассоциацияларын беріңіз (мысалы, анам кітап оқығанда, сәбіз, алма, шайнап алады). Менің баламда оқу кезінде көкөністермен / жемістермен толтырылған қорап бар немесе жылы мезгілде біз оны серуендеуге жеңіл тағам ретінде қабылдаймыз.

4) Менің балам барлық жемістер мен көкөністерді жейді, бірақ ол бананды мүлдем қаламайтын болады, бірақ ол банан глазурін рахаттана ішеді. Сонымен, таныс тағамның қызықты көрінісін тартып, тартып, трюктерге жүгіну керек, тамақтың жаңа түстермен жарқырауы мүмкін ... мүмкін дәмі. Оған шырын түрінде алма, жаңғақ пен тұқымдармен бірге салаттағы қызанақты, салаттағы қызанақты беріңіз.

5) Ол сізбен бірге жасасын. Салатты араластыруға рұқсат етіңіз, табакқа салып, қалағаныңызды және қалағаныңызды қойыңыз, пикникке тамақ жинаңыз. Біріншіден, бірлесіп пісіру сізді балаңызбен жақындастырады (және, мүмкін, оның дәмдік талғамдарын жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді), екіншіден, үлгілерді дайындау барысында, жоқ, жоқ, ол сәбіз немесе келкенді алады, ал үшіншіден, қалай тырыспауға болады. өзің не дайындадың?

6) Отбасы мүшелерін жем ретінде пайдаланыңыз. «Әкеге айтайық, біз қандай дәмді кешкі ас дайындап, бірге тамақтандық» немесе «Мүмкін, жеміс салатын жасап, әжелерімізді емдейтін шығармыз?» Әдетте бала жайбарақат қимылдайды.

7) Тағы да, менің баламмен жұмыс істейтін трюк (мүмкін үлкен балалар енді болмайды). Балаңызға таңдау және өз шешімін қабылдау мүмкіндігін беріңіз.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар. Ең көп тараған түрі – қуыршақ театры. Қысқа тақпақтарды жаттап, оны өзіне тән орындау кезіне бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнала бастайтыны белгілі.

Театр түрлері:

Қуыршақ театры.

Саусақ театры.

Көлеңке театры.

Ойыншықтар театры.

Ең көп тараған түрі-қуыршақтар театры -Бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды.

Жіптің көмегімен басқарылатын қуыршақтарды – маринеткалар дейді. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтарды да қолдануға болады. Мұндай ойыншықтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айқастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігігіндей болады. Бала өзіне костюм, үлкен бетперде. Үлкен алақандар киеді, олар тірі қуыршаққа ұқсайды. Өздері қуыршақты жасауға болады. Оның негізі болып үш бұрышты орамалды алуға болады. Бір бұрышын қуыршақтың басына, екі бұрыштарын резинка арқылы баланың саусақтарына бекітіледі. Қуыршақтың басына тесмалар қосады, ол қуыршақ пен жүргізушінің мойнына ілінеді. Бұл қуыршақтар балаларға әнмен, бимен, ойынмен көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады. Бұл балалардың өздерін еркін сезінуіне, өз күшіне сене білуге көмектеседі.

Саусақ театры: театр қуыршақтарының ішіндегі ең жеңіл, қол жетімдісі. **Саусақ театрында**— саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуда үйренеді.

Көлеңкелі театр - Жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең, әндерді көлеңке театры арқылы айтуға болады. Көлеңке театрдың қойлымын көрсетуге үш тәрбиеші қатысады. Біреуі мазмұнын оқиды, екеуі көріністі көрсетеді. Көлеңке театрдың сақанасы экран болады. Экранды ағаштан немесе қалың кардоннан жасайды, ою-өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін – оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен жуқа кардоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістері дамытады.

Үстел үстіндегі театры -Сәбилер тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады. Үстел үстіндегі қуыршақтар театрдың бірнеше түрі бар: әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар; таяқшадан жасалған театр; «киндер- театр»; магнит театры; «мачалка театр»; үстел үстіндегі кейіпкерді тоқымадан немесе крючокпен тоқуға болады (олар өздерінің формасын ұстағандай пластмас бутылкаларға кигізіп қояды); ағаш ойыншықтар, саздан жасалған ойыншықтар (дымковски ойыншықтар).

Осындай жаңа технологияны, әдіс - тәсілдерді тиімді қолдана отырып, балалардың көпшілігі жылдың аяғында көмекші сұрақсыз ойыншықтарды, жануарларды, жемістерді дербес байланыстырып айтуға, әңгімелеуге үйренеді. Олардың баяндап әңгімелеулерінің көлемі ұлғайып, толық айтылатыны байқалады.

тағамдар бар» тағы сол сияқты сөз тіркестерін құрай алады.

Осы аталған әдістердің барлығын айналып келгенде бүлдіршіндерге ойын түрінде жеткіземіз. Ойын ең басты элемент болып саналады.

Дидактикалық ойындар - баланың ынтасын сабаққа аударуға, көңіл қойғызуға, қабылдауын жеңілдетуге, білімді толық игеруге көмектеседі, сабаққа эмоциялық бояу береді.

«Ойын – күнделікті бала еңбегі, болашақ өмірінің бастамасы. Ойын үстінде баланың ертеңгі өмірге деген қабілеті байқалады» (К.А. Покровский).

«Ойын – ұшқын, білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанған оты» (В.М.Сухомлинский). Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін дидактикалық ойынның рөлі ерекше. Ойын арқылы баланың болашаққа деген көзқарасы қалыптасады. Ойын баланың ой өрісін дамытады, балаларды бірлесіп ойнауға үйретеді. Бірлік түбі-тірлік деп тегін айтылмаған. Бірлесе ойнап отырып, бала қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді. Ізеттілік, ізгілік, инабаттылық бір күнде қалыптаса қалатын қасиет емес. Балалар ойын арқылы бір-бірлеріне ізеттілік білдіріп осы қасиеттері өмір бойы жалғасады. Ойын баланың жол серігі іспеттес. Қай бала болмасын ойнап өседі.

Дидактикалық ойынның түрі: заттық дидактикалық ойын – бұл ойын әртүрлі ойыншықтармен және әртүрлі ойын материалдармен ұйымдастырылады.

Триз әдісі - түсініктемен қолдана, отырып, жаңа нәрселерді туғызады, «ескіні» жақсартады, баланы қуанышқа бөлейді. Триз әдісін қолданып бір неше ойындармен қолданамын:

Ойын: «Сөз ойла, тез ойла»

Мақсаты: өткен сабақта сөздерді қайталау, бекіту.

Шарты: текшедегі суреттер арқылы сөз тіркестерін құрастыру.

Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері»

Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.

Ойын шарты: тақырыпқа сай сурет бойынша жыл мезгілін сипиттап беру.

Дидактикалық ойын: «Жемістерді ажырату»

Ойын шарты: балаларға тірек сызбалар таратылып беріледі. Олар тақырыпқа сай, белгілерді дұрыс шешіп, жемістерді ажыратып береді және байланыстырып сөйлем құрастыру қажет. Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын еш уақытта жоймақ емес.

Мақсаты: Театрландырылған қойылымдар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру, өмірлік оң көзқарастарын тәрбиелеу.

Міндеттері:

- театрландырылған қойылымдар арқылы балалар тілін дамыту;
- сөздік қорларын байыту;
- ауызша сөйлегенде дыбыстарды анық айтуға үйрету;
- кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу;
- байланыстырып сөйлеуге дағдыландыра отырып, шығарма барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету.

Әдіс-тәсілдер:

- балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты материалдарды жинақтау;
- қойылымдарға қажетті театр түрлерін іріктеп, дайындау;
- қойылымдарға керекті көрнекіліктер мен құрал-жабдықтарды дайындау (ширма, атрибуттар, костюмдар т.б.);
- ата-аналармен жұмыс: қойылымдарға ата-аналарды қатыстыру, газеттер, жылжымалы папкалар шығару, қажетті жабдықтар дайындауға көмектесу.

Жұмыстың нәтижесі:

Жұмысты жүйелі жүргізу негізінде төмендегі нәтижелерге қол жеткізіледі:

- балалар тілі дамиды;
- сөздік қорлары толығыды;
- байланыстырып сөйлеуге дағдыланады;
- дұрыс дыбыстау, мәнерлеп сөйлеу дағдылары қалыптасады;
- театр өнеріне деген қызығушылықтары артады.

"Балаларды сөйлеу мәдениетіне үйрету"

Мектепке дейінгі балаларға тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу, тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, құрастыра сөйлеуге, сөздік қорының молаюына баса көңіл бөлген жөн.

Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;

- жаңа сөздерді меңгерту;

- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет болып саналады. Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше.

Өз жұмысымда балабақша ұжымының алдына қойған мақсатымен ұштастырамын. Жаңа технологияны, әдіс - тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтереді. Ең басты мақсатым: жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, балаларға сапалы да терең білім беру, олардың ойлау дағдылары мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, қазақ тілінде еркін сөйлеу дәрежесін көтеру.

Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептеледі.

Тіл үйренуде ең басты міндет – балалардың сөйлеу тілін жетілдіру.

Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті. Сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану. Сол әдістердің бірі:

Түсіндіру әдісі - жаңа сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді түсіндіруде қолданады. Сабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни сөздік жұмысында іске асады.

Көрнекілік әдісі – Сабақ сайын жүргізілетін әдіс. Басқа тілді үйретуде ең нәтижелі және жиі қолданылады. Балаларға түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтарды көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Көрнекілік тақырыпқа сай, көзге тартымды яғни эстетикалық жағынан жақсы, әртүрлі түстен болуы керек.

Байланыстыра сөйлеуге үйрету жолдары

Монолог Мнемокесте Диалог

Жұптық

Топтық

Ұжымдық

Тіл үйретуде ең басты міндет - балалардың сөйлеу тілін жетілдіру. Балалар тілдің грамматикасын білу арқылы бір - бірімен сөйлесуді, сұрақ қоюды үйренеді. Диалогтың және монологтың жеке тұлға үшін атқаратын қызметтері бір арнаға тоғысып жатады баланың танымдық қабілетін, жалпы тәрбиелік деңгейінің дамуына әсер етеді. Диалог пен монологтардың тіл үйренуші үшін маңызы өте зор. Күнделікті бала өмірінде жиі қолданыста жүрген сөздерді пайдалана отырып сөйлесу тілді тез меңгеруге мүмкіндік береді. Диалог пен монологтарды сурет бойынша, техникалық құралдар және ойын элементтері арқылы құрастыруға болады.

Сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе қалыппен іске асырылады:

Жұптық

Топтық

Ұжымдық.

Жұптық оқыту. Жұптық оқыту қалпында тілдік қатынас екі баланың арасында жүреді. Онда негізгі мақсат- екі баланың өзара тілдесу ерекшеліктеріне, тілді білу дәрежесіне т.б. сүйене отырып іске асырылады. Мұнда балалар екі- екіден жұпқа бөлініп, әр жұп жеке тақырыпқа

Балалар театрының бірнеше түрлері бар. Ең көп тараған түрі – қуыршақ театры. Қысқа тақпақтарды жаттап, оны өзіне тән орындау кезіне бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнала бастайтыны белгілі.

Театр түрлері:

Қуыршақ театры.

Саусақ театры.

Көлеңке театры.

Ойыншықтар театры.

Ең көп тараған түрі-қуыршақтар театры -Бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды.

Жіптің көмегімен басқарылатын қуыршақтарды – «артисттер» дейді. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтарды да қолдануға болады. Мұндай ойыншықтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айқастырылған ағаш арқылы жіп өткізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігімендей болады. Бала өзіне костюм, үлкен беттерде. Үлкен алақандар киеді, олар тірі қуыршаққа ұқсайды. Өздері қуыршақты жасауға болады. Оның негізі болып үш бұрышты орамалды алуға болады. Бір бұрышын қуыршақтың басына, екі бұрыштарын резинка арқылы баланың саусақтарына бекітіледі. Қуыршақтың басына тесмалар қосады, ол қуыршақ пен жүргізушінің мойнына ілінеді. Бұл қуыршақтар балаларға әнмен, бимен, ойынмен көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады. Бұл балалардың өздерін еркін сезінуіне, өз күшіне сене білуге көмектеседі.

Саусақ театры: театр қуыршақтарының ішіндегі ең жеңілі, қол жетімдісі. **Саусақ театрында** – саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын саханалау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуда үйренеді.

Көлеңкелі театр - Жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең, әндерді көлеңке театры арқылы айтуға болады. Көлеңке театрдың қойлымын көрсетуге үш тәрбиеші қатысады. Біреуі мазмұнын оқиды, екеуі көріністі көрсетеді. Көлеңке театрдың сақанасы экран болады. Экранды ағаштан немесе қалың кардоннан жасайды, ою-өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін – оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен жуқа кардоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістері дамытады.

Үстел үстіндегі театры -Сәбилер тобынан бастап-ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады. Үстел үстіндегі қуыршақтар театрдың бірнеше түрі бар: әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар; таяқшадан жасалған театр; «киндер-театр»; магнит театры; «мачалка театр»; үстел үстіндегі кейіпкерді тоқымадан немесе крючокпен тоқуға болады (олар өздерінің формасын ұстағандай пластмас бутылкаларға кигізіп қояды); ағаш ойыншықтар, саздан жасалған ойыншықтар (дымковски ойыншықтар). Осындай жаңа технологияны, әдіс - тәсілдерді тиімді қолдана отырып, балалардың көпшілігі жылдың аяғында көмекші сұрақсыз ойыншықтарды, жануарларды, жемістерді дербес байланыстырып айтуға, әңгімелеуге үйренеді. Олардың баяндап әңгімелеулерінің көлемі ұлғайып, толық айтылатыны байқалады.

Кеңес

Тақырыбы: «Баланы «Таяқсызда» тәрбиелеуге болады»

Баланы «таяқсыз» да тәрбиелеуге болады

Баланы қалай тәрбиелеген дұрыс - таяқпен бе әлде мақтаумен бе? Кейде айтқан сөз бір құлағынан кіріп, екіншісінен шығып кететін балаға не жаза қолданарын да білмейсің. Бәрін қолданғаныңмен де әйтеуір бір кемшілігі байқалады да тұрады. Әдетте жүйкеге әбден тиген бала үшін майқұйрықтан салып жіберу немесе желкеден түйіп жібергеннен басқа ештеңе көмектеспейтін сияқты. Сондықтан, көптеген ата - аналар тәрбиенің осы бір «саласына» көбірек үйіріледі. Таяқ жеп өскен бала біреуге әлімжеттік жасағысы кеп тұрады.

Ата - анасының желкеден немесе құйрықтан берген «жазасы» баланы өзінен кішілерді ренжітуге, оларға күш көрсетуге және үлкендердің сөзіне құлақ аспау мен әлімжеттік жасауға бейім болады. Сонда баланы қалай жазалау керек? Жалпы, осы жазалау керек пе? Ата - анаға, ересектерге сөзсіз бағынатын бала аз. Сондықтан кез - келген отбасында бала тәрбиесінде теріс қылықтары үшін жазалайтын сәттер міндетті түрде болады. Онсыз мүмкін емес. Себебі, баланың болашақта мінез - құлқы және ақ пен қараны ажырата алатындай санасы қалыптасуы үшін қажет - ақ. Бірақ қалай жазалау керек? Жас ата - аналардың тұйыққа тірелетін, ойын сан - сакқа жүгіртетін сауалы да осы. Кішкентай сәбиді тындата білу қиын. Еркелеткің де келеді, бірақ шектен шығып кете ме деген қауіп те басым түседі. Кішкентай ғана «бақытты жанды» өкпелетіп, көңіліне қаяу түсіргің келмейді. Әрбір ата - ана балаға дауыс көтермей, қол жұмсамай - ақ тәрбиелегісі келетіні анық. Ешкім де өз баласының жылағанын, ренжігенін қаламайды. Бірақ кейде амал жоқтай көрінеді. Сонда баланы жазаламай - ақ тәрбиелеудің жолы қайсы? Тым ерке етпей, сонымен қатар ата - ананың сөзіне құлақ аса білетін баланы қалайша тәрбиелей аламыз? Ата - ананың маххабаты мен бала тәрбиесіндегі салғырттықтың (баланы бетімен жіберудің) шекарасы қайсы? Ол үшін мына кеңестер кез - келген ата - анаға көмек бола алады.

Есте сақтағаныңыз дұрыс:

- Баланы жазалау кезінде ата - ананың жүйкесі тыныштанғаннан басқа ешқандай пайда жоқ. Таяқ жеген бала келесі кезекте де қалай әрекет жасайтынын білмей, бір жасаған қателігін екінші рет қайталайды. Оған түсіндіріңіз және түсіндіріңіз!

- Қол жұмсамай - ақ жазалаудың түрі жеткілікті. Мысалы: бала қанша жаста болса, сонша минут бұрышта тұру, орындықта қимылдамай отыру, сол күнгі балмұздақ немесе тәттіден қағу. Дұрыс көтеріп, жүйке жұқартудың он нәтижесі мүлде болмайды.

- Өзіңізге өзіңіз сырттай назар салыңыз. Сабырлы болыңыз! Бала бірденсіні дұрыс істемеді ме, алдымен түсіндіріңіз. Ол нәтижесін бермесе, ескерту жасаңыз. Ол да көмектеспесе ғана за қолданыңыз. Баланың сізге айтқанын жасатуға жол бермеңіз. Сонда ғана кішкентай ғана бауыр етіңізге қол жұмсамайтын боласыз.

Кеңес

Тақырыбы: «Тәрбие талабы бір жерден шықса»

аналар көп жағдайларда өз балаларымен қай кезде қарым-қатынасын босаңсытып анын білмей қалады. Оған себеп, бала үйде тіл алғыш, айтқан тапсырманы уақытында орындап жүреді де, сыртта ешқайда оқымайтын, не жұмыс істемейтін өзінен ересек балалармен таныс болып, әртүрлі жағымсыз істермен айналыса бастайды. Сыртта не істеп жүргенін ата-анасынан жасыруды да үйренеді. Сондықтан, ата-аналар балаларының қандай достары бар екенін, олардың қандай үйелменде тәрбиеленіп жүргенін білулері керек. Ер балалармен барлық салада ашық сөйлесуді талап еткен жөн. Баланың жолдастарының арасындағы «орны» қандай екендігін білген өте қажет, біреудің айтқанымен жүре ме, әлде бәріне өзінің айтқанын істетсе ме, қандай адамдарға (әйгілі спортшылар, артистер мен әртүрлі маман иелеріне) еліктейді, ненің ықпалы күшті, осыларды біліп отыру шарт. Соңғы уақытта, экономикалық ахуалымыздың күрт өзгеріп, әлсіреген кезінде, жағдайлары өте жақсы, байлығы асып-тасыған немесе күнделікті табысы тамағынан аз-ақ қана асып жүрген көп балалы үйелмен айқын көзге түсуде. Соған байланысты ортада жүрген балалардың киген киімдерінде де өзгерістер бар. Жағдайлары болып тұрғандарға: «балаңа қымбат киім әперме» деп айта алмаймыз. Сондықтан үйде әрдайым балалардың құлағына, әдемі киім кию мақсат еместігін және үйелменнің жағдайын ескеріп түсінуін ұғындырып отыру керек.

Көп жағдайларда киімі «қымбат» балалар өздерін басқадан артық санап, көкірегін көтеріп кететіндері де кездеседі. Қай үйелмен болмасын балаға жақсы оқудың ең маңызды екенін ұғындырып отыру қажет. Тәрбиелеу тек сөзбен немесе айтқанын істету арқылы емес, жүріс-тұрысының, киген киімінің, бос уақытты өткізудің үйелмендегі адамдармен қарым-қатынасын, біреу туралы әңгіме айту, күлкі мен қайғың да, баланың азамат ретінде қалыптасуына зор маңызы бар.

Балалар бәрін байқағыш келеді. Олар үлкендердің әр қозғалысына, қимылына карап еліктейді, қайталайды. Еш нәрсе де ізсіз қалмайды, мысалға, байқамай айтылып қалған «тынышымды алма» немесе «уақытым жоқ» деген сөздер, үлкендердің арасындағы ұрыс-керіс немес біреу туралы айтылған дөрекі сөз жас бала көкірегіне бірден қона қалады.

В. Сухомлинскийдің айтқанындай, «балалардың бетімен қаңғып кетуі және қылмыс істеуі, үйелмен мен мектептің тәрбиесінің педагогикалық мәдениетінің өте төмендегенде». Ата-аналар мен тәрбиешілер мына естерінен шығармауы керек, өз алдарына балабақша мен үйелмен жеке-жеке баланың нәзік дүниесін дұрыс түсініп адам болуының күрделі мәселесін шеше алмайды. Ал қазіргі уақытта, көбінесе, ол екеуі біріге алмай, әрқайсысы өз бетімен жұмыс атқаруда. Тәрбиешілермен ата-ананың тәрбиеге қояр талабы бір жерден шыққаны өте орынды. Көп жағдайларда ата-аналарының қолының бос еместігіне байланысты, тәрбиешісінен сәби көбірек тәрбие алады.

Мектепке дейінгі тәрбие мекемелері сәбидің мінез-құлқын, оның жақсы-жаман жақтарын, әке-шешесінен жақсы біледі.

Көп ата-аналар балаларын телефон арқылы не жұмыста, не қонақта отырып тәрбиелеу ісін жүргізеді. Біз «қиын» балалар бар дейміз. Әрине, бұл – шындық. Қиын балалар, негізінен, біздер керек қылмай ешкімге қажеті болмай қалған балалар, оларға ақыл айтып тәрбие беруге уақытымыз да әр уақытта табылмайды. Ондай балалармен үйелменнің де, не мектептің де жұмыс істегілері келмейді. Сондықтан да ондай балалармен тек заң орындары айналысады. Оларға деген осындай көзқарас жан дүниесін жаралайды да, өмірден үңіледі, өздерін «екінші сортты» адамдар деп есептеп, өзін-өзі сыйлаудан қалады. Одан кейін, қылмыс істеуден басқа оларға ештеңе қалмайды. Ал бір рет қылмыс жасап, заң орындарымен жазаланған жас бала, әрі қарай тек милиция мамандары арқылы тәрбиеленеді, педагогикалық тұрғыда тәрбие ала алмайды. Әрине, бұл дұрыс емес, оларға да, балаларға да бірдей карап, өткенді бетіне баспай бәріне бірдей тәрбиелік жұмыс жүргізген көп нәтиже береді.

Көп ата-аналар өз балаларын өздері жамандайды. Жаман бала болса, оған ата-аналар өздері кінәлі екендігін ұмытып кетеді. Жас баланың алғашқыда, ешқандай алға қойған максаты да, арманы да болмайды. Оны есіне салатын, ой туғызатын мына біздер, үлкендер. Тәрбие максатына жету үшін, баланы не қызықтыратынын немен шұғылданғысы келетіндігін біліп алу керек. Ол үшін баланың сенімділігін, оның көңілшектігін, мінез-кұлқын ескерген жөн. Ең дұрыс бақылау — баламен әр уақытта қарым-қатынаста болып тұру. Ата-аналардан кейде сонғы рет қашан баласымен бірге, киноға, театр, музейлерге немесе таза ауада қыдырғанын сұрай қалсаңыз, есіне түсіре алмай қиналады. Шынын айтсақ, біздердің ешқашан уақытымыз жоқ, сөйтіп баланы өз бетімен жібермеңіз. Біраз уақыт өткеннен кейін бала бізді керек қылмайтынын, тыңдамайтынын байқаймыз. Одан кейін баланы ұрып-соғуға дейін баратын ата-аналар да аз емес. Балаға деген «соқыр» сүйіспеншіліктің де, бала дамуына көп кері әсері бар. Көп жағдайларда, баланы ерте тұрғызып, бір жұмыстарды істеуге жіберуге қимай, «ұйқысы қансын» немесе «шаршап қалар» деп аяп, әке-шешелері өздері жүгіріп жүргені. Баланы жасына қарай үйелменнің бір мүшесі ретінде үйшілік тірлікке ерте араластырып, оның ойын, пікірін біліп, санасқан жөн. «Баланы — жастан»... деген сөздің мазмұны өте терең. Себебі есейіп кеткен соң ата-анасын тыңдамайтын балалардың мінезін, көзқарасын, қылығын күрт өзгерту өте қиын. Сондықтан баламен сәби кезінен ынтымақта, оның жас жүрегін жаралап алмай, қарым-қатынас жасау керек. Мысалға, сіз жұмыстан келесіз, сәби қуанышында шек жоқ, сізге жабыса түседі, бір қызықты оқиғасын айтпақшы болады, ал олар болса еститіні: «тұра тұршы», «кейін айтасың, шаршадым» деген сөздер. Одан кейін баланың көңілінде өшпес өкпе пайда болады. Бара-бара бала тұйықтанып өз ойымен өзі болады, сұраққа қысқаша ғана жауап беретін болады, немесе естімегенсіп отырады. Ол туысқандардың қуанышына ортақ болудан қалады. Одан кейін баламен не болатыны сөзсіз түсінікті емес пе? Кейбір әкелер жұмыстан ішімдік ішіп келіп абыройы түседі. Әке-шешесі тірі тұра, арнайы мектеп-интернаттарда тәрбиеленіп жүргендердің санының көбеюіне осылар әсер етеді. Баланың дұрыс азамат болып өсуі немесе жастайынан қылмыс істеп милиция бөлімдерінен шықпай жүруі мына біздерге, үлкендерге байланысты. Сондықтан бала тағдыры бәріміздің — ата-аналардың, балабақшаның, мектептің және қоғамның басты негізгі міндеті. Адамға мінездемені тек жұмыстағы ісіне қарап береміз, меніңше, оның әкелік немесе аналық міндетін қалай атқарып жүргенін де ескерген жөн болар еді.

Кеңес

Тақырыбы: «Балаларды дамыту ойындары арқылы ойлау қабілетін дамыту»

баланың жас ерекшелігін ескере отырып қазақ тілінен түрлі логикалық тапсырмалар беру арқылы, білімнің беріктігін қамтамасыз ету, баланың шығармашылық қабілетін дамыту интеллектуалдық деңгейін көтеру

«Логикалық тапсырмалар» баланың жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылған. Теориялық білімдерін кеңейтіп, оны практикада қолдануына ықпал етеді. Логикалық дамуы өзлігінен ізденіп жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Логикалық тапсырмалар баланың интеллектуалдық деңгейін көтереді.

Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да тәрбиеші балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, оқу іс-әрекетінде бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады.

Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп де ой қорытындыларының объектив пікірлерге негізделетін процесі логикалық ойлау деп аталады.

Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі.

Психолог – ғалымдар: Н.Н. Поспелов, Ю.А. Петров, А.Н. Леонтьев, «логикалық ойлау» ұғымына нақты анықтама берген. Олардың пікірінше «логикалық ойлау» дегеніміз логика заңдылықтарын пайдалана отырып ой-пікірлерді, тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі.

Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жөнінде А.В. Запорожцев, Л.И. Венгер, И.С. Якиманская еңбектері жарық көрді.

Жоғарыдағы авторлардың пікірлерінше «Логикалық ойлауды дамыту» дегеніміз барлық логикалық ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, саралау) арнайы жүйелі түрде қалыптастыру, ойлау белсенділігін, өз беттілігін дамыту.

«Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны – логикалық сөйлеуді ұстаз дамытуға тиіс», деп көрсетті К.Д. Ушинский.

Мектеп жасына дейінгі баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Ойғені логикалық ойлау кейінірек бейнесік ойлаудың негізінде қалыптасатын, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ:

«Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек». Баланың логикалық ойлауы арқылы тілін дамыту үшін, тәрбиешіге оның ториясын терең білу міндеті жүктеледі. Логикалық ойлауды дамытудың кестесі арқылы тіл дамыту жолдарының кестесін жасауға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда сұрақтардың алатын орны ерекше. Сондықтан балаға қойылатын сұрақ жүйелі, әрі түсінікті болу керек. Сұрақтар қоя білу қиялдаудың ең жоғарғы сатысы және нәтежелі ойда негізгі рөл атқарады. Ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-

әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін, жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзіне асырады. Сондықтан ойын балалар үшін өзіне тән жүру барысымен, мақсатымен маңызды. Міне, осыдан баланың-логикалық ойын қиялдау қабілеті шындалады, дамиды. Бұл қазіргі заманға өте қажет. Өйткені, бұл компьютер ғасыры.

Баланы болашақ өмірге, белсенді еңбекке даярлауда, оның ақыл-ойы адамгершілік-эстетикалық сезімдерін, логикалық ойлау қабілетін қалыптастыруда балаға құрметпен қарау қажет.

Бүлдіршіндердің логикалық ойлау қабілетін дамытуда қарапайым математиканың алғашқы ұғымдарын ойын арқылы үйретудің математикалық диктант жазудың, заттарды әр-түрлі геометриялық пішіндерден құрастырудың, ауызша есеп шығарудың, көру арқылы салыстырудың, қиялдаудың жұмбақтар жаттаудың маңызы өте зор. Біздің балабақшаның тәрбиешілері логикалық ойлау қабілеттерін жоғарлатуда.

Логика - дүниені тану тарихының нәтижесі, жиынтығы, қорытындысы. Логика ғылымында жаңаша әдістерді жетілдіру, адамның дүниетанымын барынша өрістетуге басты мәселе болып саналады. Логика ғылымы адамдардың сан ғасырғы тарихи тәжірибесінің жемісі.

Бұл ғылым адамдардың өмір сүру қызметінің әр түрлі салалары үшін аса маңызы бар әлеуметтік тарихи құрылым. Бұл логикалық ойлау ғылымы көптеген басқа ғылымдармен байланысады. Философиямен, психологиямен, жоғарғы нерв қызметі, физиологиямен, кибернетикамен, математикамен байланысын зерттейді. Логика - талқылау кезіндегі ойдың дұрыс құралуын зерттейтін ғылым. Еінші сұрақта формалды және диалектикалық логика туралы түсініктердің мазмұнын анықтаудан бастау керек. Формалды және диалектикалық логиканың ерекшеліктеріне, айырмашылықтарына тоқталған жөн. Формалды логика жаңа білімдерді қорытып шығарудың заңдарын қарастырады. Формалды логика білімнің құрылымдық жағын жеке-жеке көрсетуге, олардың элементтерінің формалды байланыстарына көңіл аударады.

1. «Логика» ұғымына түсінік

Білім берудің басты мақсаты-үнемі өзгеріп тұратын әлеумет жағдайына қарай өсіп келе жатқан ұрпақты даярлау. Өзгермелі өмірге қарай балаларды бейімдеуде білім мен тәрбиемен қаруландыру білім беру үрдісінің негізгі кілті болып табылады. Логикалық ойлау әдістерін меңгермеген балада, білім саласында көп қиындыққа ұшырайды: есептерді шығаруда, жаттығуларды орындауда көп уақытын және күшін жоғалтады. Нәтижесінде денсаулығы әлсірейді, оқуға деген құлшынысы төмендейді. Бала логикалық операцияларды меңгергенде, анық және дәл ойлай алады, амалды орындауда неге мән беру қажеттілігін түсінеді, өзінің дұрыстығы туралы пікірін білдіре алады. Білімді меңгеру оңайға соғады, мектеп бала үшін қуаныш әкеледі.

Логикалық тәсілдер-салыстыру, талдау, жіктеу, дәлелдеу әртүрлі іс-әрекеттерде қолданылады. Білім берудің мұнай құндылығы күнде артып келеді. Мұның дәлелі ретінде компьютерлік білім сауаттылығы, логиканың теориялық негізін құрайды. Бұл жөнінде адамдық ойлаудың түрлі бағыттары бойынша: Секрат, Аристотель, Декарт, Гегель, М. Берифай, М. Монтегессори, Ж. Пиаже, П. П. Блонский, Л. С. Выготский, П. Я. Гальперин, В. В. Давыдов, А. В. Запороженко, Г. С. Костюк, А. Н. Леонтьев, А. Р. Лурия, А. И. Мещеряков, Н. А. Менчинская, Д. Б. Эльконин, Н. Н. Семенов, В. М. Келдров, П. В. Григорян, Л. М. Фридман, Н. А. Подгорецкая және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Логика ғылым ретінде дүниеге келіп, қалыптасқан отаны Ежелгі Грекия деп саналады, ал оның негізін салған ертедегі грек философы Аристотель оны «ойлаудың грамматикасы» деп атаған екен. Ежелгі Грекияда логика саласындағы

ғылыми зерттеулерді алғаш бастаған Демокрит. Сондай-ақ Ежелгі Грекия идеалистері Сократ пен Платон да айналысты. Бірақ, олардың ешқайсысы да логика ғылымын жасай алмады. Тек бұл міндетті Аристотель іске асырды.

Логика гректің *logos* – «ойлау», «сөз», «ақыл-ой», «заңдылық» деген ұғымдарды білдіретін кең мазмұнды сөзінен шыққан. Осыған сәйкес «логика» термині, негізінен, мынадай үш мағынада қолданылады: 1) шындық дүниедегі заттар мен құбылыстардың заңдылықтарын білдіру үшін; 2) ойлаудың дәйектілігін, айқындылығын, дәлелділігін білдіру үшін; 3) логика ғылымы-ойлау логикасының теориялық, ғылыми бейнесі ретінде қолданылады.

Логиканың материалистік негіздерін зерттеуде XVII ғасырдағы озат ойшыл, ірі ғалымдардың бірі Ф. Бэконның еңбектерінде маңызды рөл атқарды. Ол «ұқсастық әдісі», «айырмашылық әдісі», «ұқсастық пен айырмашылықтың біріккен әдісі», «бірге болатын өзгерістер әдісі», «қалдықтар әдісі» деп аталған ғылыми-индукцияның бес әдісін жасап берді.

Бір жүйеге келтірілген диалектикалық логиканы тұңғыш рет Гегель жасады. Ал, диалектикалық логиканы жасаған К. Маркс пен Ф. Энгельс болды. Логикалық сөйлемдерді геометриялық фигуралар арқылы түсіндіру әдісі И. Г. Ламберг және Б. Больцано еңбектерінде кездеседі. Сөйтіп логикалық мәселелерді шешуде математика әдістерді қолдану кеңінен таралды. Қазақстанда логиканың дамуына академик А. Д. Тайманов зор үлес қосты. Ол логиканың ойлау формаларын (ұғым, пікір, ойқорытынды) зерттеп, олардың мәнін, түрлерін, арақатынастарын, олармен операциялар жасаудың тәртібін ашып, оларға тәжірибелер мен түпкілікті ойлау заңдарын саралады. Мұнда дәстүрлі логиканың қойған мәселелерін шешу үшін символдар тілі, математикалық әдістер, логикалық есептеулер қолданылады. Бұлайша қарастыру ойлаудың жаңа заңдылықтарын ашуға, ойлау процесін автоматтандыруға, сөйтіп, осыған негізделген жаңа техника мен технологияны жасауға жағдай жасайды. Қазіргі кезде логика, негізінен, үш бөлімнен (пайымдаулар теориясы, математика және логикалық методология) тұратын, жан-жақты тармақталған ғылымға айналды.

Ә. Тұрғынбаевтың анықтамасында «Логика дегеніміз-ойлауды дұрыс құрудың заңдары мен формалары, ережелері туралы, философиялық ғылым» делінген. Ойлау дегеніміз – ең алдымен шындық дүниесінің адам миында бейнеленуі болып табылады.

Кеңес

Тақырыбы: «Мерекелік іс-шаралардың пайдасы»

МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ПАЙДАСЫ

Балалар өміріндегі мерекелердің маңызы – адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру құралы, әдеби шығармалар, әндер мен өлеңдер патриоттық сезімдер қалыптастырады, балалар бойында тәртіптілік, мінез - құлық, ұжымшылдық негіздерін, мәдениетін тәрбиелейді.

Егеменді елдің жас ұрпақтарын тәрбиелеу, талапқа сай білім беру, бүгінгі күннің уақыт, күттірмес мәселелерінің бірі болып табылады. Сондықтан да, мектепке дейінгі мекемелердің алдында балаға жүйеленіп, дайындалып берген белгілі бір білімді беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни, сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, ойын дұрыс жеткізе білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті болып тұр.

Балалар өміріндегі мерекелердің маңызы – адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру құралы, әдеби шығармалар, әндер мен өлеңдер патриоттық сезімдер қалыптастырады, балалар бойында тәртіптілік, мінез - құлық, ұжымшылдық негіздерін, мәдениетін тәрбиелейді. Мейрам күндері – балалар үшін жан тебіренетін ән мен күйдің, әсем бидің, көз қуантар керіністердің қызғылықты бір өлемі. Сондықтан да, мейрам күндерін балабақшаның әрбір тәрбиеленушісі асыға күтеді, өз өнерлерін жолдастарына, тәрбиешілеріне және ата - аналарына көрсетуге асығады.

Осы жағынан алғанда, жас жеткіншектерді тәрбиелеп, оларды жан - жақты дамытып, жетілдіруге мерекелік күннің үлесі зор. Жас жеткіншектердің өзін қоршаған ортаға дұрыс қалыптастыруға өз Отанына сүйіспеншілігін арттыруға, еңбекке ынтасын күшейтуге, интернационалдық сезімін оятуға үлкен әсер етеді.

Мерекелік ертеңгіліктердің барлық түрлері (ән салу, музыка ырғағымен қимылдар жасау, би билеу, музыка аспаптарында ойнау) балаларды музыканы сүйе білуге баулудың ерекше бір түрі. Қатар отырып күнеліп, толғану жас жеткіншектерді тату ұжымға топтастырады және ұжымды жауапкершілікке баулиды.

Әрбір мерекеге арналған ертеңгілік сол мерекенің қоғамдық зор мәнін, идеялық мақсаттарын жас жеткіншектердің өз сезіміне лайықтап жеткізіп, сол арқылы бүкіл халықты салтанатқа үлес қосуына мүмкіндік береді.

Балалар ертеңгілігін дайындап, өткізуде ересек кісілердің де алатын орны ерекше. Мерекелерге балаларымен қатар отырып қуану үшін ата - аналар да қатысуға тырысады. Өйткені, балалардың көрсеткен өнері, орындаушылық ерекшеліктері көңілді де, мәнді ойын түрлері ата - аналардың да ара - тұра өз өнерлерін ортаға салуы сыйлықтар, әртүрлі естелік кітапшалар беру балалар өміріндегі аса бір қуанышты сәттер болып табылады, мұқият жоспарланады.

Осыған орай, күнтізбелік жоспар жасағанда балалардың өздері тұрған жердегі еңбек адамдарының мерекеге дайындығымен таныстыруға арналған оқу іс - әрекеттері ерекше ойластырылған жөн. Өтетін оқу іс - әрекет жоспары оқылатын әңгімелердің, жатталатын өлеңдердің, көрсетілетін суреттердің жинақталған жүйелерін бұзбай енгізу керек. Ескеретін басты мәселе – олардың балаларға түсінікті болуы. Барлық дайындық жұмыстарын өтетін мереке тақырыбына топтастыру – ең негізгі мақсат десек, бұдан ата - аналарды да шет қалдыруға болмайды. Болғалы жатқан ертеңгілік туралы ата - аналарды хабардар етіп, қажет болса, олардың көмектесуін өтінген жөн. Сол сияқты, тәрбиешілер ата - аналарға мереке күндерін үйде қалай атап өту керектігі жөнінде де кеңес бергені өте орынды болады. Мерекеге әзірлену және өткізу.

Әрбір сценарийді алдын - ала ұқыпты, жан - жақты әзірлейді. Сценарийде ертеңгіліктің мазмұнына қарай үлкен кісілер мен балалардың айтатын сөздері және орындау реті жоспарланады. Әрине, ертеңгілікті үлкендерге арнаған балалар концертіне айналдыруға болмайды. Балалардың көрсеткен ойындары олардың өздерін де қуанышқа бөлейді. Бірақ олардың естерінде ұзақ уақыт сақталатындай ерекше құбылыс бола алмайды. Сондықтан, балалар өнерін үлкен кісілердің (балабақша қызметкерлерінің) орындауындағы концерттік нөмірлерімен кезектестіріп, өткізсе, эмоциялық әсерге толы, есте қаларлық мереке болуы сәзсіз.

Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шөкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады.

Ана - тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана - тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп асыл сөзін арнаған.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез – құлықна, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата – ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет.

Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс - әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін - өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез – құлықтарды байқайды. Сондықтан ата – ана балаға үніле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне әсер ететін іс - әрекеттерді дағдыға айналдыру керек.

Кеңес

*Тақырыбы: «Балабақшада бала тілін дамытудың
маңызы»*

Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы.

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;

- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, такпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілін орфоэпиялық дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу.

- Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру;

- Баланың сөздік қорын молайту;

- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;

- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұны мен ойын дұрыс жеткізіп, диалогтегі адамдардың сөздерін мәнерлі жеткізуге икемделеді. Балалар автордың сөз өнерін қолданып, сөз мәнерін өздері машыктануы қажет. Серіктестері айтқан әңгімені тыңдал отыруға, мазмұнын түсінуге, әдеби кейіпкерлерін атымен айтуға үйретіледі.

Табиғи құбылыстардағы ақиқаттылықты сипаттаған кезде нақты дұрыс сөз қолдануға, үлкендердің көмегімен белгілі бір нәрсеге тиісті белгілерді табуға, нақты бейнелесуге, әңгімеде ой - өрісін жеткізуге үйрету керек.

Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, тәнеу, эпитет, балама қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет.

Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады. Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың мәнерлігі (ертегіні толық айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңісі, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып, және т. б. қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету.

Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі. Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп, қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету енгізе керек.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сойлеп үйрену жағалы. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді.

Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан - теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытатын, адамгершілік

моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең - тақпақтар мен жанытпаңтарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту — тек қана олардың сөздік құрамын байыттып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүйі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Ойткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктен, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі. Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең - әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер - білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай — ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ. Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген - білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата - аналарына айтып бере аса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді.

Кеңес

*Тақырыбы: «Отбасы және балабақша
ынтымақтастығы»*

Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметінің мақсаты -

баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көзделген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.

- Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру.

- еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне - өзі қызмет етуге үйрету.

- Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым - қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету.

Ата - аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс.

Бала бақыты білімде. Білім бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықырды, не жасаса да келістіріп жасайды», - дейді А. Байтұрсынов.

Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуіне. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым ролін мойындай отырып бірлесе жұмыс жасау керек. Әрбір ұстаз ата - аналармен қарым - қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата-ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата - ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді. Ата - аналармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі мақсаты Ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту:

Баланың бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұңға қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту;

Ата аналармен жұмыс жасаған кезде бірізділік қағидасын басшылыққа алу;

Ал міндеттері:

Бала өміріне қолдау жасау, келешекте өз жемісін береді.

Қоғам тарапынан көрсетілген қолдау, ата-ананың өміріндегі тұрақтылық пен болашаққа деген сенімін нығайтады.

Қазіргі уақытта жұртшылықтың балаларды тәрбиелеуге қатысы кенеше түсіп, тәрбие жұмысы еңбе ұжымының күнделікті ісіне айналуға тәрбиешілердің практикасында ата аналармен және көпшілікпен бірігіп жұмыс істеудің ә түрлі формалары қалыптасып, жемісті түрде қолданылуда. Олар ата - аналармен жекеден және ұжымдық жұмыстар жүргізді. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлерін қалай ұйымдастыруға болады?

Ол үшін біз ата-аналармен жақынырақ танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиелеудегі ролін анықтау үшін, ата - аналардың ұсыныс - пікірлерін, ойын бөлісу мақсатында сауалнамалар, анкеталық сурақтар алуымызға болады. Сонымен бірге жыл бойғы жүргізілетін жұмыс түрлерін ата - аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өзгері ұсына алады. Сонымен қатар ата - аналардың ұсыныс - пікірлермен санаса отырып ата - Отбасы мен балабақша арасындағы байланысты күшейтін бағытты жұмыс жүргізу, ұйымдастырылатын мерекелік іс - шараларға, ата - аналар және топ жиналыстарына ата - аналарды тартудың қажеттілігі:

* Балаларда іс - әрекетті таңдаудың үлкен мүмкіндігі болады;

* Балалар маңызды жетістіктерге жете алады;

* Ұнайды;

* Балалар еліктеудің жаңа үлгісін алады;

*

* Ата – аналар және отбасы мүшелері өздерінің бала тәрбиелеуге, оқытуға қатысы бар екендігін сезіледі.

Тәрбиешілер ата - аналарға ақыл - кеңес берін, ұсынылатын тыңдау барысында төмендегідей қарым - қатынас ережелерін есте сақтауы керек:

- Бір – біріне көңіл болу
 - Тыңдау
 - Сыйлау
 - Көзбе – кез карау
 - Тиімді орынды таңдау
 - азілді сөзіну
 - ұрыс – керістен сақтану сияқты
- Сонымен қатар ата - аналарға тәрбиеші сөзі әсерлі, отбасы қажеттіліктеріне байланысты екендігін түсіндіріп толық тыңдату үшін:
- Сиқырлы сөздер айту;
 - Баласының жетістігін айту
 - Сенімді болу
 - Көңіл - күйіне карау
 - Намысына тимеу
 - Материал арқылы сөйлесу (анкета, тест, т.б)
 - Қарапайымдылық
 - Пікірін сыйлау

Ата - аналармен жұмыс жүргізудің негізгі алғы шарттары

* Әрбір отбасыны мықты жақтары болады әр адам жақсы ата - ана болғысы келеді. Барлық отбасы көмекті қажет етеді, көмек түрі отбасының нақты қажеттіліктеріне байланысты болады;

* Ата – анамен жұмысты ұйымдастыру барысында ата - ананы, яғни отбасын тәуелді ету емес, оның қиыншылықтарды жеңу мүмкіндігін нығайтуды қозғалу;

* Баланың дамуы туралы ақпарат ата - аналарға бал тәрбиелеуде өз ролін жүзеге асыруға ықпал етеді;

* Әрбір отбасы көрсетілген көмектің тиімділігіне көзі жеткенде ғана қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын;

Тәрбиеші мен баланың оқуға деген қызығушылығын арттыру жолдарын түсіндіреді;

Ата - анамен баланың ортақ қарым - қатынастары жөнінде кеңес беру:

«Таным» ата – аналар мектебінің жұмысымен танысу

«Таным» ата – аналар мектебі

«Балабақшадағы, отбасындағы топтағы кездесетін қайшылықты жағдайларды шешуге арналады»

Тақырыптық кеңес

« ата – аналарды психологиялық педагогикалық білім және тәжірибе жаңалықтарымен таныстыру, кеңес беру, ой қозғау, ой қорыту »

Педагогикалық семинар

« Отбасылық тәрбиенің әдіс - тәсілдеріне арналады. Семинарға тәрбиешілер де, ата аналар да жан жақты дайындықпен қатысуы қажет»

Кенес

Тақырыбы: «Бала денсаулығын сақтауға шаралар»

Қазіргі таңда балалар денсаулығын сақтау мен оларға салауатты өмір салты дағдыларын еңгерту проблемалары барған сайын өзекті бола түсуде. Балалар денсаулығы – бұл біздің болашағымыз салынған саясат. Сондықтан, бүгінгі күні мектептің педагогика ұжымы мен ата-аналар жұртышылығының алдында тұрған ең басты міндет – дені сау ұрпақ тәрбиелеу. Балалардың денсаулығы – қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саналы жетістіктерін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің қатарына жатады. Оқушылардың өміріндегі көп өзгілдерінің бірін өткізетін, ол орта – мектеп. Оқушының бойында ағзаның өсуі мен дамуы, физиологиялық және әлеуметтік жетілуі байқалып, өмірге деген көзқарасы, шығармашылық және тәжірибелік іс – әрекеттіліктерге дайындығы қалыптасады. Ендеше салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру, бүтіндей педагогикалық процессте жүзеге асады деуге болады. Қазақстандағы мектеп оқушыларының денсаулық деңгейлері негізгі мәселелердің бірі. Білім беру адамның, қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін ұрпақ тәрбиелеу және оқыту үрдісі болып табылады. Қазіргі білім саласына көптеген өзгерістер еніп жатыр. Бұл өзгерістер тек қана білімнің кейбір салаларында ғана емес, жалпы оқыту мен тәрбие жүйесіндегі түбегейлі өзгертулер. Қазіргі кездегі халықаралық тәжірибе мен қазақстандық мектептердің дәстүрлерін ескере отырып, білім беруді жаңа бетбұрыс алуда. Ол экономикалық және рухани дамуын қамтамасыз ету жолындағы жеке тұлғаның адамгершілік, парасаттылық, эстетикалық және физиологиялық, психологиялық әлеуметтік жауапкершілігі мол, парасатты, кәсіби білімді, сауатты, салауатты, денсаулық мәдениеті қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеуді бірінші кезекке қояды. Алайда, ақпарат қорларының материалдары және статистикалық деректердің көрсетуінше, хх ғасырдың басында, ххІ ғасырдың басында мектеп оқушыларының денсаулықтары күрт төмендегені байқалған. Соңғы статистикалық мәліметтер мектепте оқыған кезеңде оқушылар денсаулығы жағдайының 4-5 есе нашарлайтынын дәлелдейді. Жабырқатар деректер оқушының нақ осы мектепте қандай да бір ауру табатынын растайды. Денсаулық мәдениеттілігінің төменділігі, денсаулыққа қарамаушылық себептері, оқушылардың арасында 40% салауатты өмір салтының тарихын білмейтіндігінен деп саналып отыр. Демек, мектептерге қазіргі кезде оқушылардың салауатты өмір салтын тәрбиелеу қажеттілігі, оны арнайы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып қалыптастыру қажеттілігі туады.

Балалардың денсаулық деңгейлерінің көрінісі көпшілік жағдайда мектептердің жауапкершілігінде екені көрсетіледі. Сондықтан, мектепте оқушылардың денсаулығы ерекше өзекті мәселе болуы тиіс. Міне, сондықтан оқушылар денсаулығы проблемасы қазіргі уақытта педагогикалық шеңберден шығып, әлеуметтік мәнге ие болды. Бұл нені білдіреді? Ұлт денсаулығын біздің болашақ ұрпақты қадірлейтіндердің бәрі де өскелең ұрпақ денсаулығын қалыптастыруға тиісті. Жалпы білім беру мекемесі бүкіл жұмысының негізі және мақсаты бірінші кезекте әрбір оқушының рухани және тән денсаулығы болуы тиіс. Бұл ұлт денсаулығына және елдің өмірге қабілеттілігіне де байланысты.

Мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын қазіргі заманның талаптарына сәйкес жүргізу, оқушының денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық қызметкерлер мен мұғалімдердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Педагогикалық процессте осы кезеңде мәселені шешудегі тиімді жолдары мен құралдарын негіздеу қажеттілігі туындайды. Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру ең алдымен, оқыту процесінде жүзеге асырылады. Заманауи педагогикада оқыту процесі оқушыны білмегеннен білуге және тәжірибелікпен бірлесе отырып, сәйкес ептілік пен дағдыға үйрету, оқыту ретінде қалыптастырылады. Оқыту процесі әртүрлі педагогикалық технологиялар негізінде, яғни, осы әдіс-тәсілдер едәуір тиімді де нәтижелі ететін оқушы мен мұғалімнің күш-жігерін, уақытын, денсаулығын жұмсаудағы әдістер мен тәсілдердің жиынтығы негізінде құрылады.

Педагогикалық үрдісте салауатты өмір салтын дәріптеу туралы сөз болғанда, ең алдымен денсаулық сақтау технологиясы туралы айтылуы керек. Мектепте оқушылардың салауатты өмір сүру дағдысын ұйымдастыру, оқушылардың психофизиологиялық қасиеттерін ескере отырып, педагогикалық технологияларды сабақтарды сапалы, тиімді жүргізу қажет деп есептеймін. Сондықтан, мектепте оқушылардың денсаулық сақтау ортасын жасау, яғни оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту бағдарламасы құрылуы керек. Осы

іс – шараларды іске асыру, тұлғалық ерекшеліктердің қалыптасуында позитивті мәнге ие екені анық.

Оқу-тәрбие процесінде балалардың денсаулығын нығайту және сақтау бағдарламасы

Мақсаты:

мектепте денсаулықты нығайтуға ықпал ететін инновациялық білім беру ортасын құра отырып, салауатты өмір салты дағдысына тұрақты баулу мәселесінде оқу-тәрбие жұмысының әдіс-тәсілдерін жетілдіру арқылы, білім алушылардың өмірін қорғауды, денсаулығын сақтау мен нығайтуды, оларға салауатты өмір салтын қалыптастыруды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау, соның негізінде дені сау, денсаулық мәдениеті қалыптасқан, патриот, бәсекеге қабілетті, дербес тұлға қалыптастыру

Міндеттері:

балалардың өмірін қорғап, денсаулықтарын нығайту, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарымен қамтитын оқушылардың өзіндік жеке дамуын қамтамасыз ететін оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, оқушының өмір салтына, денсаулығына оң көзқарасын арттыру;

Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелерін шешу үшін мектеп және денсаулықты сақтау жүйесінің жұмысын біріктіріп, тиімді жағыдайлар қалыптастыру;

оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайту бойынша ғылыми-негізделген ұсыныстарды оқу үдерісіне енгізу;

сабақтарда денсаулық сақтау технологияларын қолданып, салауатты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

Бағдарламаны жүзеге асыруда ата-аналармен бірлесе жұмыс атқару жұмысын ұйымдастыру;

Кеңес

Тақырыбы: «Баланы қалай тәрбиелеу керек?»

Баланы қалай тәрбиелеу керек?

Бала – ол өте нәзік те сезімтал адам. Оның жанын жаралап алу өте оңай, алайда осы бір жара өмір бойы сыздап жүруі ғажап емес. Бала кезінде шешілмей қалған мәселелердің салдары ер жеткен кезде кейбір психикалық ауытқуларға негіз болатынын ұмытпаңыз.

Көптеген ата-аналарды: бір мезгілде қатал да мейірімді бола білу, өз баласының алдындағы ата-аналық биігінен түспей тұрып, оған қалайда ең жақын дос бола білу жайы көп ойлантады. Төмендегі өте маңызды ақыл-кеңестер, бала тәрбиесі барысында сізге көп көмек берері сөзсіз:

1. Көңіл күйіңіз болмай тұрған кезде ешқашан да бала тәрбиесімен айналыспаңыз. Өз балаңызбен тығыз қарым-қатынас орнатуға тек қана Сіздің көтеріңкі көңіл күйіңіз, оң көзқарасыңыз ғана әсер етеді.
2. Тәрбие сатылы деңгейде жүргізілгені дұрыс. Әр биікке өз уақытында, біртіндеп көтеріліп отырған дұрыс.
3. Бала – біздің айнамыз. Олар ең алдымен ата-анасынан үлгі алатынын және көп жағдайда біз өмірде қандай қадамдар жасасақ, олар да сондай қадамға баратыны есте жүрсін.
4. Балаңызбен әңгімелесу нәтижелі болуы үшін, ең алдымен ашық жарқын сенімге құрылған риясыз әдісті таңдаңыз. Сіздің сөздеріңіз қатал естілуі мүмкін, бірақ ешқашан да ауыр әрі өрескел болмауы керек. Ақырын әрі сенімді айтылған әңгіме ғана ата-ананың талаптары мен ойларын балаға жеткізе алады.
5. Балаңыз үшін керек уақытта қажетті ақыл қосатын, оның қадамдарын айыптамайтын ең жақын досына айналыңыз.
6. Өзін және оны қоршаған адамдарды жақсы көруге үйретіңіз. Бұл оны өзіне өте сенімді адам ретінде қалыптастырып, қоршаған ортамен байланысын жолға қоюға көмек береді.
7. Бір мезетте қатал да мейірімді бола біліңіз. Егер сіз балаңызға деген ыстық ықыласыңызды үнемі білдіре отырып, тек керек уақытында ғана ұрсатын болсаңыз, онда бұл сіздің тәрбиеңіз барысында міндетті түрде жемісін береді.
8. Оған өмірдегі өз ұстанымына тұрақты болуды үйретіңіз.
9. Баланы әр кезде оның көзіне қарап тұрып, мұқият тыңдаңыз, өйткені тек сол сәтте ғана оның ішкі жан дүниесі мен алаңдатқан мәселеге сіздің бей-жай қарамайтыныңызға сенімі болады.
10. Өзіңіздің бос уақытыңызды үнемі балаңызбен өткізуге тырысыңыз. Ондай сәттер баланың өзіндік орнын сезініп өсуге мүмкіндік береді.

11. Жанжалдасқан күйі екі жаққа бөлініп жүре беруге болмайтынын ұмытпаңыз, ең алдымен балаңызбен татуласып алыңыз, содан кейін ғана өз жұмыстарыңызбен жүре берсеңіз болады.
12. Әр уақытта оған қажет болғанда үйде болғаны қандай жақсы екенін жадына салып, мақтап отырыңыз, себебі ол өзінің қажеттігін түсініп, үнемі үйге асығатын болады.
13. Өзінің жақсы адам екенін ескертіп отыру керек, алайда, басқалардан артық емес екенін естен шығармай, айтып отырған жөн, себебі оның тым тәкаппар және екіжүзді болып өспегені жақсы.
14. Оның таңдауы мен пікіріне құлақ түріңіз. Тіпті сіз онымен келіспейтін болсаңыз да, оны ешуақытта сынамаңыз.
15. Оны өз қадамдары үшін жауап беруге үйретіңіз. Оның өзін емес, әруақытта жақсы қадамын бағалап, егер ол дұрыс емес жасаған болса, қателігін көрсетіңіз, оның орнында өзіңіз болғанда былай істер едім деп, таңдау және шешім қабылдау құқығын оның өзіне қалдырыңыз.
16. Еш уақытта оның осыған дейін жасаған қателіктерін еске алмаңыз. Болған нәрсенің барлығын өткен күнге қалдырыңыз.
17. Оған тым қатты талап қойып, ұзын-сонар ақыл-кеңес айтудан аулақ болыңыз, оның жанын жаралайтын немесе намысына тиетін ащы әзіл не теңеулер, әжуа айту ешуақытта дұрыс болмайды.
18. Егер сізді оның мінез-құлығы ренжітсе, бұл жайлы өзіне айтыңыз. Бұндай кезде оның тәртібін талқылымаңыз, тек өзіңіздің көңіл-күйіңіз туралы айтыңыз.
19. Шектен тыс бақылауды азайтыңыз, бұл көп жағдайда табыс әкелмейді.
20. Ол ақтай алмайтын үмітті, көтере алмайтын жүкті оған артпаңыз. Бастапқыда өзіңіз одан не талап ететініңізді анықтап алған жөн. Содан соң барып, міндетті түрде оның не қалайтынын біліңіз, ұстаным жасауға тиіс аса маңызды жағдайлар бойынша міндетті түрде келісімге келуге ұмтылған дұрыс.
21. Әңгіме барысында оның маңызын жоғалтпау үшін көпсөзділіктен арылу керек.
22. Сіздің баланы мәжбүрлеуіңіз тым нәзік, жан-жақты әрі жалғаспалы сипатта әсер ететіндей болуы керек.
23. Әр уақытта баламен үлкен адамдарша, оны кішірейтіп, еркелетер сөздерді барынша аз қолдана отырып сөйлескен абзал.
24. Даулы мәселелер орын алған жағдайда бала өзін үнемі қателесуші ретінде сезінбес үшін оған жол беріңіз. Бұл арқылы сіз балаңызға біреуді кешіруді, өз қателігін түсінуді, жеңілістер мен қателіктерді мойындай білуді үйреткен болар едіңіз.

25. Оны ақылы, таланты, сұлулығы немесе тума дарыны үшін емес, қарапайым ғана оның осылай бар болғаны үшін ғана жақсы көріңіз.

26. Есіңізде болса, балаға үш негізгі қасиетті дарытуға міндеттісіз: шешім шығару, құрмет, жауапкершілік. Қандай жағдай болса да, еңсесін тік ұстайтын, жан-жағындағыларға құрметпен қарайтын және өз қадамдары үшін жауап бере алатын адамдар көп жағдайда табысқа жететіні белгілі.

Егер сізге шын мәніндегі жақсы, жауапкершілігі жоғары, бәріне сыйлы, табысты азаматты тәрбиелеп шығару керек болса, ешқашан өзіңізді кінәлап, өкінішке ұрынбас үшін, бар мүмкіндікті қолдануға тырысыңыз, бәлкім сонда ғана сіз өз перзентіңізбен мақтана алатын боласыз.

Кенес

Баяндама

Тақырыбы: «Бала –біздің болашағымыз»

Бала – біздің болашағымыз!!!

Ұлт тәрбиесі - ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та ат салысуымыз қажет. Кейін опық жеп бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атеалысқан жөн. Бала бақытының кепілі - ата - ананың өнегелі тәрбиесінде. Отбасы - адамзат қоғамының ең ыңғайлы бейнесі. Дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан демуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастырады. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты. Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі - отбасы ішкілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек.

Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек биланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барлығын да баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінеді. А. С. Макаренко «Ата - аналарға арналған кітабында» «Бала тәрбиесінде сіздің іс қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, сөйлейтініңіз, қалай күлгеніңіз, осы іс әрекеттің барлығы бала үшін өте маңызды. Ал отбасында сіз дәрежелілік көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлесеніз осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз», - дейді. Жаксы перзент ата - ана қолындағы аманаты. Отбасында баланың жан дүниесін рухани пәктігіне тәрбиелеген абзал. Отбасында ата - ананың ықыласына бөленіп, тәрбие көріп өскен бала балабақшада да мектепте де өз ісіне жауап бере алады.

Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жаксы оқуына, болашақта жаксы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Үйде балаларды жазу сызуға, ауызша есепке машықтандыру, оларға қызықты әңгімелер айтып беру сияқты істермен қоса оларды бір мезгіл үй шаруасымен айналыстырып отырса, бала үшін оның маңызы зор. Бұл ретте бала біріншіден білімге құштар болса, екіншіден ол еңбекке дағдыланады. Ал еңбек пен білім егіз екенін естен шығармауымыз керек. Жас жеткіншекке жанұяда дұрыс тәрбие берілетін болашақта одан үлкен нәтиже күтуге болады. Дұрыс тәрбие алған бала ата - анасын қуантып отырады. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек мұғалімдер ғана емес әрбір ата - ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, ауланы көгалдандыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыруы керек. Сонда ғана еңбек-жүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады. Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеніздер, мұғалімдерді жолдастарын, қоғамды кіналаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жаксы әлет сіңіруде, жаксы тәрбие беруде қай жерден жаныллым» деген ой түйсеніздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті «беті қолыңды жу, тісінді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т.б.» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кіншіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата - ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата - ананың бір - біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған - туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек.

Баяндама

Тақырыбы: «Дені сау бала-болашақ жемісі»

XXI- ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой- өрісі жоғары, жан- жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып , олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор. Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл- ойы айқын, өз- өзіне сенімді, жан- жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан , бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру ең басты міндетіміз. Организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан да сүйектің, буынның дұрыс әрі мерзімінде жетілуіне бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына табан деңестерінің дұрыс жетілуіне айрықша мән беру керек. Бұлшық еттерді қатайту, жүрек қан тамыр жүйесінің жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығына , тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал жасау керек. Сондай- ақ баланың қозғалысын жетілдіру, қимыл- дағдыларын және дененің икемділігін , шапшаңдық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға тұрмыста және дене тәрбиесі оқу іс- әрекеттерінде қажетті жеке және қоғамдық гигиена дағдыларын дамытуға баса назар аударылады. Дене тәрбиесі балалардың ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және белсенді болуларына мүмкіндік тудырады. Балалар мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне , дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылады. Дене жаттығуы- дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтиды. Дене жаттығуы еркінді сипаттағы белсенді қимыл - әрекеттеріне негізделген. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал етеді. Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Ол мынадай түрлерге бөлінеді.

Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап Күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткіземіз. Дене шынықтыру оқу іс - әрекеті балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылады. Ол әрбір жас топтарында аптасына 2 рет өткізіледі. Оқу іс - әрекет мынадай құрылымда өтіледі. Кіріспе бөлімде жүру, жүгіру түрлері, секіру жаттығулары, сапқа тұру орындалады. Жүру, жүгіру түрлері кезектесіп тұруы керек 3- 4 минут. Негізгі бөлімде жалпы жетілдіруші жаттығулар орындалып, негізгі қимылға дайындық жұмысы жүргізіледі 3 негізгі қимыл жоспарланады. оның 2 –уі бұрынғы жаттығулар қайталанса, 1 – жаттығулар жауадан жоспарланады. Жаңа сабақтың тақырыбы жылдық жоспардан алынады. Негізгі бөлімге 16 – 18 минут. Күнтізбелік жоспарда әр аптада 2 сабақтан алынған, жыл басына 72 сағат өткізілуі тиіс. Дене шынықтыру негізгі оқу іс - әректі болғандықтан ертеңгілік мезгілде өткізіледі. Дене шынықтыру өткізілетін орын ауа – райы жылы кезде аулада, қыс мезгілдерінде залда өтіледі. Дене шынықтыру басталардан бұрын залдың едені сүртіліп, құрал – жабдықтар дайындалады. Негізгі бөлімнің бір бөлшегі қимылдық ойын. Қорытынды бөлімде де қимыл қозғалысы аздау ойын жоспарланады. Жалпы жетілдіруші жаттығу жасарда тәрбиеші негізгі қалыпқа көп көңіл бөлуі керек. Егер өзгерпей көбіне тіке тұрып жасаса, балаларды жалықтырып жіберуді мүмкін. Сондықтан әр түрлі жағдайда (тұрып, отырып, жатып) жасайтын жаттығулар жоспарлау қажет. Жалпы жетілдіруші жаттығулар үшін (жалаушалар, доптар, кубтар, секіргіштер, құрсаулар, таяқтар) пайдаланылады. Сонымен қатар үлкен көлемдегі құрсаулар, арқай гимнастикалық орындықтар пайдаланылады. Балалар негізгі қалыпқа дұрыс тұрулары керек, Жаттығулардың жасалу техникасын дұрыс сақтаулары керек, тәрбиешінің нұсқауы мен қимылдап, барлық бала бірдей қимылдаулары керек. Балаларға таныс жаттығуларды тәрбиеші көрсетпей-ақ ауызша да айтуға болады, ал қимылдау жаттығуларды тәрбиеші көрсетеді, сосын балалар жасайды. Оқу іс -әрекет қызықтырақ өтсін десе жаттығуды жақсы орындайтын бір баланы алға шығарып, тәрбиеші нұсқау беріп тұрады. Дене шынықтыру оқу іс-әрекетінде балалардың ақыл-ой тәрбиесі ғана

жетілмейді, адамгершілік қасиеттер де қалыптасады, балалар ойын кезінде рольдерге бөліседі, ұйымдастырушылық қабілеттері жетіледі, жарыс кезінде өздерін ұстау қабілеттері дамиды. Допты лақтырып, қағып алу, допты бір – біріне лақтыру, ұзындыққа секіру, гимнастикалық қабырғаға өрмелеп мініп түсу; гимнастикалық скамейка үстінде төпе – теңдікті сақтап жүруге үйретеміз. Дене шынықтырудан үйренген қимыл - әрекеттер серуен кезінде, спорттық шараларда жетілдіріледі. Дене шынықтыруды өткізген кезде балалардың қулап жарақат алмауын көп қадағалауымыз керек. Бала организміндегі мүмкіндіктерін арттыра түсу үшін таза ауадағы дене шынықтыруға көп көңіл бөлеміз. Таза ауадағы дене тәрбиесінің құрамы бағдарламалық материалдардан құралады. Таза ауадағы дене шынықтыру 5 – бөлікке бөлінген жүгіруден, жеке және топталған әдістерден тұратын ерекше қозғалыстардан таңдалған спорттық ойындар мен эстафеталардан тұратын қимыл – қозғалыстың белсенділігімен өткізіледі. Таза ауадағы дене шынықтыруда балалардың жаттығуларға деген белсенділігін төмендетпес үшін оларға көп ауыртпалық түсірмеуге, дұрыс демалуларына көңіл бөлеміз. Таза ауадағы дене шынықтыру балалардың тек қана денесін шынықтырып емес, сондай-ақ тәрбиелік мәні бар білімін ұштастыруға септігін тигізеді. Бірін – бірі сыйлау, ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде мәні зор. Спорттық ойындар арқылы балаларды төзімділікке, қайратты шымыр болуға баулу қажет.

Таза ауадағы дене шынықтыруды өткізу үшін учаскедегі орын барлық жағдайға сай жабдықтануы керек. Біздің балабақшада әртүрлі өрмелеуге арналған баспалдақтар, жаттығуға арналған скамейкалар бар. Таза ауадағы дене шынықтыруды өткізу үшін балалардың денсаулығы туралы мәліметті балабақша медбикесінен аламыз. Егерде операция жасалған немесе бір жері қатты ауыратын бала болса, ол балалар тәрбиеші көмекшісімен бірге болып, жеңіл қимылды ойындар ойнайды. Сауықтыру шараларына медбике жиі қатысып, тексеріп тұрады. Балалардың нервтік жүйесіне жүрекке, бұлшық еттің қатаюына, қан айналымының жақсаруына әсер ететін жаттығулар түрін таңдауға көмектеседі. Дене шынықтыруды өткізу үшін балалардың киімдерінің жүріп – тұруына ыңғайлы болуын қадағалаймыз. Қыстың ашық күндері жеңіл спорттық киіммен жүргіземіз, көбіне серуеннің аяғын да өткізгеніміз дұрыс, себебі балалар терлеп, тез салқын тиюі мүмкін. Күзгі, қысқы мезгілде таза ауадағы дене шынықтыру кезінде өлең айтуға, ауызбен айтатын ойындар ойнауға болмайды, себебі баланың тыныс алу жолдарына салқын тиюі мүмкін, сондықтан мұрынмен демалуына көңіл бөлеміз. Әрбір жаңа оқу жылында балаларға бөлек – бөлек дәптер бастап, балалардың өсіп – жетілуіне, олардың денсаулығы жазып өт-3 шынықтыру шаралары көктемнен бастап ертеңгілік ж.ж. жаттығуларды таза ауада өткізуден басталады. Киімдерін де бірте – бірте жеңілдетіп, жаз айларында тек қана іш киіммен, жалаң аяқ жүруге дейін жеткіземіз. Жалпақ табалдылықты болдырмау мақсатында ұсақ тастардың, тігілген қақпақшалар, тікенек жаймалар үстімен жалау аяқ жүргіземіз. Түс мезгілінде топ бөлмесіне кіргенде сумен шынықтыру жүргізіледі. Су температурасын бірте – бірте төмендетіп, аяқтарын салқын сумен шаю, тізеден төмен қарай жуудан соң құрғақ орамалмен сәл қыздырғанға дейін сүртіндіреміз. Түскі ұйқыдан соң 1-2 апта құрғақ ысқылау таза фланельматадан аяқ – қол дене мүшелерін қызарғанша ысқылауға көшеміз. Ылғалды ысқылау 1-2 мин. созылады.

Балалар қолғапты қолдарына киіп, су (350-360) құйылған табақшаны айнала тұрып, қолғаптарын суға малып, әбден сығып, қол, иық, кеуде, аяқты ысқылайды (алма-кезек) қолғаптарын шешіп, бір-бірінің арқасын ысқылайды. Бұдан соң құрғақ орамалмен сүртінеді. Балалардың қимыл іс-әрекетін жетілдіру тек дене шынықтыру сабағымен шектелмейді бос уақытта балалардың қимыл іс-әрекетіне көп көңіл аударуымыз керек. Тәрбиеші балалармен түрлі ойын, жаттығу өткізіледі. Серуен кезінде де түрлі жаттығу, ойындар ойналады. Тәрбиеші көп қозғалмайтын балаларға ерекше көңіл аударып, ойынға үнемі қатыстырып отыруы тиіс. «Денсаулық» білім саласының біріндегі – Валеологиядан біз балалардың өз денсаулығын күтуге, салауатты өмір сүруге баулу, гигиеналық талапты орындауға (шашы, тісіне күтім жасау) дұрыс тамақтанудың адам ағзасына әсері туралы түсінік береміз. Жас ұрпаққа адам денсаулығының қажеттілігін, басты байлық денсаулық екенін түсіндіру, қимыл - әрекетке жаттықтыру. Дұрыс тамақтанудың, таза жүрудің адам денсаулығы үшін маңызды екенін түсіндіру. Жас ұрпақ дұрыс өсіп жетілуі үшін денсаулығын күтуді үйрету, салауатты өмір салтын сақтап, өмір сүруге дағдыландыру.

Топта тәрбиеші жай қимылдайтын, әлжуаз балалармен үнемі жеке жұмыстар жүргізіп отырады. Менің тобымда Қалиева Аружан деген қыз бала болды, ол баламен мен 1,5 жастан бастап мек. даяр. тобына дейін 4 жыл жұмыс жүргіздім. Келген кезде орнынан қозғалмайтын, мінезі өте

ауыр баланы жаттығуларды жеке дара жасату, тақпақ жаттату, биге қосу арқылы қозғалысқа түсіп, жаттығуларды да жасап, биді де билейтін дәрежеге жетті анасының қуанышында шек болмады. Ал Ақгүл деген қызымыздың мінезі қыңырлау, мақтағанды, алға бірінші тұрғанды жақсы көретін. Балаларды кішкентай кезінен бастап қабылдап, үнемі сол балалармен жұмыс жасайтын болсақ, барлық баланың даму ерекшелігін, мінез – қылықтарының барлығын, не нәрсеге бейімділігін өте жақсы білуімізге болады.

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ең алдымен ата – ананың тәрбиесі негізгі роль атқарады десек, сол тәрбиені ұштастыра білу балабақшадағы тәрбиешіге де маңызды міндет жүктейді. Балабақшадағы әр баланың отбасылық жағдайын, ондағы тәрбие бағытым біліп, ата – анамен тығыз қарым – қатынас орнатып, ынтымақтаса жұмыс жасағанды ғана бала тәрбиесі өз нәтижесін береді.

Отбасында тәрбие міндеттеріне. Баланың дене, танымдық дамуына жағдай жасау, балаларды өзіне - өзі қызмет етуге, жақындарына көмектесуге үйрету, баланың бейімі, қызығушылығын дамытуға, тілдік – қатынастық дамуына жан – жақты дамуына жағдай жасауға міндетті.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, ата-аналардың балабақша мен байланыс дұрыс жолға қоюға жұмыстар жүргіземіз. Балабақшада денешынықтыру кезінде бала дұрыс қозғалыста болуы үшін жыл мезгілдеріне сай киіндіруге, демалыс күндерінде де үйде жаттығулар жасауды әдетке айналдыруды, ашық есік күні, мерекелік ертеңгіліктерге, түрлі спорттық ойындарға ата – аналардың белсене қатысып, қызығушылық танытуын ынтымақтаса жүргізген

жұмыстарымыздың нәтижесі деп білеміз. Тобымызда «Әкем, шешем, мен» спорттық сайыс өткізіліп, ата – аналармен бірге ойындар ойнап, жаттығулар жасап, балаларымыз бір жасап қалысады. Балабақшаның ауласы, бөлме тазалығы безендірілуі, балаларға ыңғайлылығы, әдемілігі, эстетикалық талғамдылығы жоғары болуы шарт. Неғұрлым ерте жатып, уақытымен таңертеңгілік тамағын ішіп, серуенге шығып ойнаған, жылы сөз, мақтау естіген, спортпен шұғылданған, шыныққан бала әрқашан да ауруға төтеп беретін, жігерлі, ақылды болып өседі. Бала денсаулығы жақсы, шыныққан, көңіл – күйінің жоғары, ынталы болуы үлкендерге, яғни ата – ана, тәрбиешіге, қоршаған ортаға байланысты. Іс әрекеті, технологияны ертеңгілі бойжазу. Сөз соңында Н.Назарбаевтың «Қазіргі заман талабына сай, жан – жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі таңда отбасының балабақшасының, барша елдің, халықтың міндеті» екенін еске саламын.

«Келісілді»

«Атамекен бөбекжайы»

ЖБҚМҚКК директоры



А. Мухитова

«10» «05» 2023 жыл

№ 4 Ата – аналар жиналысына дайындық

1. Баяндама: « Біздің балаларымыз не үйренді »
2. Балабақшамен қоштасу ертеңгілігі
3. Әр түрлі мәселелер

«Атамекен» бөбекжайы » жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны « Ұлан » тобының ата – аналар жиналысының

Хаттамасы № 4

Қатысқаны: 16

Қатыспағаны: 9

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама: «Біздің балаларымыз не үйренді »
2. Балабақшамен қоштасу ертеңгілігі
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды :

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Есет Қания « Біздің балаларымыз не үйренді»тақырыбында баяндама оқыды. Ата – аналар баяндаманы тыңдап өз пікірлерін білдірді.

Екінші мәселе бойынша « Қоштасу » ертеңгіліне байланысты балалардың киімі жайлы сөйлесті және де аудандық жауқазын фестивалы жайында әңгіме қозғалды.Балаларға берілген тапқатарын, әндерін үйлерінде қарау керек екені түсіндірілді. Балалардың ертеңгілікке қандай үлгіде киім дайындау керектігі жөнінде әңгіме қозғалды.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі әр түрлі мәселе бойынша Таңертең балаларды 8 : 30 дан кешіктірмей алып келу керектігін ескертті. Балалардың жарнасы әр айдың 10 – шы жұлдызынан кешіктірмей төлем жасау керектігін ескертті. Балаларды себепсіз балабақшадан алып қалмау керектігін және де ауырып қалған жағдайда балалардың қалған күндеріне анықтаманы уақытында әкеліп берулерін өтінді.

Сұрақ:

1« Қоштасу» ертеңгіліне балалар қандай үлгіде киім тіктіру керек?

Қоштасу ертеңгілігіне қояндар,қырмарға кел қалқатай биіне сай киімдер тіктіру керек.

Балалар қоштасу мерекесінен кейін балабақшаға келуіне болама?

Жоқ болмайды.

Шешімі: Ата-аналар бір ауыздан киімдерге келісті.
Қаулы:Баяндаманы Е.Қания оқыды . Ата –аналар өз деңгейінде оқығанын айтты

Төрайымы:

Қ.Алиева

Хатшы:

Қ.Есет

Баяндама

Тақырыбы: «Біздің балаларымыз не үйренді? »

Бала кезде есейгенше асығамыз. Ол кезде бізді ересектер өмірінде келе жатқан қиындықтар күтіп тұрғанын ойламаймыз. Өскен соң, қайтадан бала болуды қалаймыз, бала боп қалу не жүргейінді сәби кездегідей пәк етіп ұстау екінің бірінің қолына келмейді. Сондықтан балаларға үйретіп, тәрбиелей жүріп, өзіміздің де балаларды үйренеріміз көп.

Жақсы ма, жаман ба, бірақ балалар ешқашан не істейтінін жоспарламайды. Олар кез келген кездейсоқ жағдайды солай болуы керек сияқты қабылдайды. Егер бала әр минутын жоспарлап, уақытпен санасып отырса, бұл күлкілі, тіпті ақымақтың әрекетіндегі көрінер еді.

Балалар белгілі бір істі бұрын істей білмегені үшін алаңдамайды. Барлығын басынан бастап үйренуге кіріседі, қателік жіберсе де мойымайды, тез арада оны түзетіп екінші рет қайталамауға сабақ алады. Ал үлкендер өз күшіне сенбей, "кезінде үйреніп алмапсыз" деген сөзбен құтылғысы келеді.

Балалар спортпен айналысуы үшін оның денсаулыққа пайдасын ойлап жатпайды. Жай ғана ағашқа өрмелеп шығудан, шанамен ойнаудан ләззат алады. Ал біз спорт туралы қуаныш сыйлай алатынын ұмытып кетеміз де, өзімізді қинап жаттығу жасаймыз не айналыспай қоя саламыз.

Бір нәрсе ойдағыдай болмай қалса, жай ғана күліп, ары қарай жалғастыру. Балалар ештеңені жоспарламағаннан кейін де, олардың санасында "ойдағыдай болмау" деген ұғым жоқ. Біз болып жатқан жағдайға күліп қана қарап, өзімізді қолға алудың орнына өзіміз қара аспанды төндіреміз.

Балалардың миы барлық жаңа нәрсені сіңіргіш секілді қабылдап алады. Олар үшін жаңа істің барлығы қызық, бәріне кірісіп кеткісі кеп тұрады. Ал ересектер жаңа нәрсені қабыладу үшін соншалықты көп күш керек деп ойлайды.

Олар өздерінің қабілеті туралы ойланып жатпайды, жай ғана өзіне ұнайтын іспен айналысады. Мұны ата-аналары байқап, қабілетін ары қарай жетілдіру үшін үйірмелерге береді. Ал үлкендерге біреу оның икемін айтса, құлақ аспайды.

Балалардың бетінде барлығы жазулы тұрады. Олар не нәрсеге қуанып, қандай жағдайда мұңайтынын білу қиын емес. Ал ересектер эмоциясын жасырады. Қуанып тұрса да, баладай шаттанып кетуді ұят санайды. Жылағысы келсе көз жасын көрсеуге де қысылады. Көп жағдайда бұл – жақсы да, ал кейде адамның өзіне зиян. Неғұрлым ашық болып, ішкі сезімдерін шынайы көрсеткен сайын өзгелермен тіл табысу да оңай болады.

Неге? Қалай? Жеттік пе? Бір іс біткенде, балалар тоқтаусыз сұрақ қоюға бейім. Барлық сұрағы бірдей жүйелі емес, әрине. Бірақ бұл қасиет көп жағдайда пайдасын тигізеді. Бізге де осы қасиетті үйреніп, барлық сұрақтың жауабын іздеумен жүруіміз керек.

«Келісілді»
«Атамекен бөбекжайы»

ЖБҚМКҚК директоры

 А. Мухитова

«25» «05» 2023 жыл

№ 5 ата-аналар жиналысына дайындық

1. Ғимараттың апаттық жағдайына байланысты кезектен тыс ата-аналар жиналысы

«Атамекен» бөбекжайы » жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны « Ұлан » тобының ата – аналар жиналысының

Хаттамасы № 5

Қатысқаны: 22

Қатыспағаны: 3

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1.Гимараттың апаттық жағдайына байланысты кезектен тыс ата-аналар жиналысы

Тындалды :

Наурыз айында экспертиза қорытындысы шықты. Бөбекжай жарамсыз деп табылды. М.Сагатовна ата-аналарға түсіндірді.

17мамырда білім бөлімінен Ш.Джаулиев келіп қызметкерлерге түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мекеменің уақытша көшірілетінін бөбекжайға жөндеу жұмыстарын жүргізілетінін айтып түсіндірілді.

Сұрақ:

1. Ата-ана Омарғалиева А : Қоштасқаннан кейін балабақшаға келуге болама?

Жауап: Жоқ болмайды.

Төрайымы:

Хатшы:

Қ.Алиева

Қ.Есет